



АҚОРДА



ҚАЗАҚ СПОРТЫНЫҢ БЕДЕЛІ ЗОР

Тәуелсіздік сарайында өткен салтанатты жиында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев спортшылар мен бапкерлерді Көшпенділер ойындарындағы жарқын жеңістерімен құттықтап, олар Қазақстанның ұлттық спорттағы абырой-беделін дүниежүзіне паш еткенін атап өтті.

— Әлемнің 100-ден астам елінен келген спортшылармен бәсекеге түсіп, көк байрағымызды биікке көтеру — нағыз ұлт перзенттеріне тән асыл қасиет. Ұлттық командамыз ел үмітін толығымен ақтады деп айтсақ, әділеттікке сай сөз болады. Мен Президент ретінде баршаңызға Отанымызға әкелген рухты жеңістеріңіз үшін шынайы ризашылығымды білдіремін. Сіздерге тұтас халқымыз жанкүйер, тілекші болды, — деді Президент.

Мемлекет басшысы ұлттық құраманың жалпы есепте бірінші орынға шыққанын ел мерейін өсірген елеулі жетістікке балады.

— Сайыс қорытындысы бойынша спортшыларымыз 74 медаль еншіледі. Оның 32-сі — алтын жүлде. Осы та-

маша жеңіс казактың рухы биік, жігері мықты, нағыз жеңімпаз ұлт екенін тағы бір мәрте айқын көрсетті. Жалпы, спорттың басты миссиясының бірі — өзара құрмет пен сыйластықты дәріптеу, халықтар достығын нығайту. Бұл дүбірлі дода жоғары деңгейде өтті. Сайыс нәтижелері әділ болды. Осыған орай, Қырғыз елінің Президентіне ризашылығымды білдіремін, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысының пайымдауынша, Көшпенділер ойындарының мәртебесі — баршамыздың ортақ абыройымыз. Осы ретте Президент бүкіл әлем түркі халықтарына көз тігіп отырғанын алға тартып, бұл жарысты бірлесе дамытуға шақырды.

— Қазақстан осы ортақ іске белсене атсалысуға қашанда дайын. Екі бауырлас елге ата-бабаларымыздың қалдырып кеткен ең құнды өсиеті: бұл — өзара құрмет және мәңгі достық. Осы даналықты ұмытуға ешқандай хақымыз жоқ. Біз — Ұлы дала өркениетінің занды мұрагерінің біріміз. Батыр бабаларымыз ұлан-ғайыр жерді бізге аманат етті. Салт-дәстүрімізді, рухани құндылықтарымызды мұра етіп қалдырды. Қастерлі қазынаны көздің қарашығындай сақтап, жас буынға табыстау — ортақ парызымыз. Осы рухты борышымызды өркениетті, мәдениетті түрде, абыроймен жүзеге асыруымыз қажет, — деді Мемлекет басшысы.

(Жалғасы 2-бетте)

КӘСІБИ БІЛІКТІЛІККЕ БЕРІЛГЕН БАҒА



Президент ел игілігі жолындағы табысты әрі адал қызметі үшін Физат Нұрдаұлетовке алғыс айтты. Бұл жөнінде Президенттің кеңесшісі — Баспасөз хатшысы Айбек Смадияров Telegram арнасында жазды.

Қасым-Жомарт Тоқаев Физат Дәуренбекұлы кәсіби біліктілігі мен қажыр-қайратын ел мүддесін қорғау мен тұрақтылығын нығайтуға арнағанын атап өтті. Сонымен қатар оның мемлекеттік саясатты ілгерілетуге және ауқымды реформаларды сәтті жүзеге асыруға айрықша атсалысқанына тоқталды.

ПРЕЗИДЕНТ ҮНДІСТАН МЕН КОРЕЯҒА БАРАДЫ

12-13 қыркүйек күндері Қасым-Жомарт Тоқаев Премьер-министр Нарендра Модидің шақыруымен БРИКС XVIII саммитіне қатысу үшін Үндістанға жұмыс сапарымен барады.

Президент Нью-Делиде «Орнықтылықты, инновацияны, ынтымақтастық пен тұрақтылықты нығайту» тақырыбына арналған «аутрич»/«БРИКС+» форматындағы пленарлық отырыста сөз сөйлейді.

Сапар аясында Үндістан Премьер-министрі Нарендра Модимен келіссөз жүргізу, сондай-ақ бірқатар мемлекет және үкімет басшыларымен кездесу жоспарланған.

14-16 қыркүйекте Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Президент Ли Чжэ Мённің шақыруымен Корея Республикасына мемлекеттік сапармен барады.

15 қыркүйекте Сеулде жоғары деңгейде келіссөздер жүргізіліп, қазақ-корей кеңейтілген стратегиялық серіктестігін нығайту перспективасы талқыланады. Бұдан бөлек, Президент Кореяның ірі компаниялары жетекшілерімен кездеседі.

16 қыркүйекте Мемлекет басшысы «Орталық Азия — Корея Республикасы» бірінші саммитіне қатысады.

ҚАУІПСІЗДІК КЕҢЕСІ МЕН ОНЫҢ АППАРАТЫ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕНІ БЕКІТТІ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік Кеңесі Аппаратының кейбір мәселелері және Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Жарлыққа қол қойды.

Жарлыққа сәйкес, Қауіпсіздік Кеңесі мен оның Аппараты туралы ереже бекітіліп, Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік Кеңесі Төрағасы орынбасарының өкілеттіліктері айқындалды.

Қауіпсіздік Кеңесі мен оның Аппаратына жаһандық сын-көзқарасқа, ішкі ахуалдың өзекті аспектілеріне жан-жақты талдау жүргізу міндеті жүктелді.

Қауіпсіздік Кеңесі Төрағасы орынбасарының құзырына Қауіпсіздік Кеңесі Төрағасының актілері мен тапсырмаларының, Қауіпсіздік Кеңесі шешімдерінің, соның ішінде шұғыл отырыстарында қабылданған шешімдердің мұлткізсіз әрі толық орындалуын бақылау, сондай-ақ ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, елдің қорғаныс қабілетін арттыру, заң мен тәртіпті сақтау салаларындағы іс-шараларды жүзеге асыратын мемлекеттік органдар мен ұйымдардың қызметін үйлестіру кіреді.

Қауіпсіздік Кеңесі Төрағасының орынбасары ақпараттық және киберқауіпсіздік, соның ішінде жасанды интеллекттің қолдану, дербес деректерді қорғау, сыбайлас жемқорлық пен экономикалық қылмысқа қарсы іс-қимыл, азаматтық қорғаныс мәселелерімен айналысады.

Бұдан бөлек, Қауіпсіздік Кеңесі Төрағасының орынбасары жоғарыда аталған шараларды іске асыратын мемлекеттік органдар мен ұйымдардың қызметін үйлестіріп, халықаралық байланыс орнатады, сондай-ақ Қауіпсіздік Кеңесі Аппаратының қызметін ұйымдастырады.

Қауіпсіздік Кеңесінің Аппараты өз алдына дербес мемлекеттік орган ретінде Президентке тікелей бағынады және есеп береді.

Орган ұлттық қауіпсіздік саласындағы тәуекелдерді бақылау ісін жетілдіру және күшейту, мемлекетті басқарудың орнықтылығын қамтамасыз ету, Қауіпсіздік Кеңесі Төрағасы мен Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік Кеңесі қызметіне институционалдық тұрғыдан қолдау көрсету және олардың шешімдерін орындау шараларымен айналысады.

Бұл міндеттер Қазақстан Республикасының Егемендігі мен Тәуелсіздігін, аумақтық тұтастығын, халықаралық аренадағы ұлттық мүдделері мен конституциялық жүйенің негіздерін сақтауды көздейді.

АҚОРДА

12 ҚЫРКҮЙЕК 2026 | СЕНБІ

ҚАЗАҚ СПОРТЫНЫҢ БЕДЕЛІ ЗОР

(Басы 1-бетте)

Президент Қазақстан мақсаты — биік, жоспары — айқын, болашаққа сеніммен қарайтын озық ойлы ұлт ретінде әрдайым алға қарай ұмтылып келе жатқанын айтты.

— Біз, соның ішінде ұлттық спортпен айналысатын жастар, басқа да спортшылар, мемлекеттік қызметшілер мен кәсіпкерлер, дәрігерлер мен ұстаздар, студенттер мен ғалымдар, жұмысшылар мен басқарушылар, әскери қызметкерлер мен мекеме қызметшілері — бәріміз мәдениетті, сабырлы болып, даңғаз мен айқай-шуға жол бермеуіміз қажет. Сонда ғана қазақ халқы толыққанды өркениетті қоғам болады, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы қазір еліміз тарихи өрлеу дәуіріне қадам басқанын жеткізіп, елде болып жатқан елеулі өзгерістерге тоқталды.

— Біз біртұтас ел болып аса ауқымды реформаларды табысты жүзеге асырдық. Барша жұртымызға, әсіресе өскелең ұрпаққа бағдар беретін Конституциямызды қабылдадық. Әділетті, Күшті, Озық, Таза Қазақстанның берік негізін қаладық. Мұны ұлт тарихындағы нағыз бетбұрысты оқиға деп бағалауға болады. Конституция — халқымыздың темірқазығы, ел ішіндегі түбегейлі өзгерістерге тың серпін берген қастерлі құжат. Таяуда ғана Құрылтай сайлауы өтті. Құрылтайға кәсіби, іскер, жанашыл азаматтар кірді. Олардың ішінде жастар да аз емес. Вице-Президент тағайындалды. Жаңартылған Үкімет жұмысына кірісті. Қауіпсіздік Кеңесінің аппараты жасақталды. Көп ұзамай Қазақстан Халық Кеңесінің құрамы бекітіледі. Құрылтайдың келісімімен Конституциялық сот судьялары, Орталық сайлау комиссиясы мен Жоғары аудиторлық палатаның мүшелері тағайындалады. Осылайша, еліміздің негізгі мемлекеттік институттары толық жаңғыртылады. Бұл да — ауқымды реформаларымыздың өте маңызды бөлігі. Ал қазан айында мен Конституцияның 46-бабына сәйкес Қазақстан халқына Жолдауымды жасап,



алдағы жоспарымызды айқындаймын, — деді Мемлекет басшысы.

Сонымен қатар Президент ұлт саулығын нығайту және адам капиталын күшейту мемлекеттің конституциялық міндеті саналатынын мәлімдеп, осы бағытта қолға алынған іргелі істерді атады.

— Соңғы жеті жылда елімізде 500-ден астам спорт нысаны салынды, бірқатары жөндеуден өткізілді. Былтыр менің тапсырмаммен «Дене шынықтыру және спорт туралы» заңға бірқатар өзгеріс енгізілді. Жаңа заң отандық спорттың дамуына күшті серпін бермек, соның ішінде ұлттық спорттың өркендеуіне ерекше ықпал етеді. Балаларымыз спортпен немесе дене шынықтырумен міндетті түрде айналысуы керек. Бұл — еліміздің жарқын болашағының кепілі. Осы мақсаттың жалпыұлттық маңызына айрықша. Өйткені дене-бітімі әлсіз, рухы қауқарсыз халқы бар ел ешқашан озық, дамыған мемлекет бола алмайды. Бұл — баршаға белгілі ақиқат. Сондықтан спорт мектептерінде оқитын әр балаға бөлінетін қаражат көлемі екі есеге жуық артты, яғни 233 мың теңгеден 415 мың теңгеге ұлғайды. Былтыр 220 мыңнан астам бала спорт үйірмесіне мемлекет есебінен

ақысыз барды. Осы мақсатқа 50 миллиард теңге бөлінді. Дене шынықтырумен шұғылданатын адамдардың саны 8 миллионнан асты. Бұл — халқымыздың жартысына жуығы деген сөз. Осы тұрғыдан алғанда, бізді саламатты ұлт деп атауға болады. Бірақ босансуға болмайды, — деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, ұлттық спорт түрлерін дамыту — Үкімет пен әкімдіктердің алдында тұрған аса маңызды міндет.

— Қазір осы салада жұмыс істейтін отыздан астам арнайы мекеме бар. Астанада Ұлттық спорт университеті ашылды. Бұл оқу орны спорт саласындағы кәсіби кадрларды даярлауға шешуші үлес қосады деп жоспарлап отырмыз. «Ұлттық және ат спорты түрлері орталығы» да табысты қызмет ете бастады. Елімізде жыл сайын қазақ күресі, тоғызқұмалақ, асық ату, көкпар, бөйге және басқа да спорт түрлері бойынша мыңнан астам жарыс өткізіледі. Ұлттық спорт түрлерінің фестивалі, «Ақ бидай» ауыл ойындары, «Қазақстан барысы» додасы тұрақты түрде ұйымдастырылады. Ең бастысы, ұлттық спорт пен олимпиадалық спорт түрлері заң жүзінде тең мәртебеге ие болды. Бүгінде қазақ спор-

тының беделі зор. Мұны бүкіл әлем мойындайтын болды. Қазақстан спортшылары әрдайым үздіктер қатарында. Күні кеше даңқты спортшымыз Елена Рыбакина теннистен әлемнің бірінші ракеткасы атанды. Бұл — шын мәнінде өте үлкен жетістік. Мен Елена Рыбакинаны құттықтадым, оның еңбекқорлығы мен шеберлігін атап өтіп, бойындағы жеке мәдениетінің жоғары екеніне ерекше баға бердім, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент спорт саласындағы жетістіктерге Үкіметтің, тиісті министрліктің табанды жұмысының алғашқы нәтижесі ретінде оң баға беріп, алдымызда әлі талай міндет тұрғанын еске салды.

— Елімізде түрлі халықаралық додалар өткізілуде. Биыл Астанада дәстүрлі спорт пен цифрлық технологияны ұштастырған бірегей жарыс — «Болашақ ойындары» сәтті өтті. Келесі жылы елорда төрінде жеті бірдей әлем чемпионаты жалауын көтереді. Өте ауқымды жұмысты атқаруымыз керек, бірақ мұның бәрі — еліміздің абыройына, беделіне өте қажетті халықаралық іс-шаралар. Ал 2029 жылы Алматыда 10-шы Қысқы Азия ойындары өтеді. Осы маңызды шаралардың бәрін сапалы әрі жоғары деңгейде ұйымдастыру қажет, — деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев сөзін қорытындылай келе, спортшылардың жеңісі, ең алдымен, өскелең ұрпаққа жігер беретінін айтты.

— Жастар сіздерге қарап бой түзейді. Бұл — үлкен мәртебе және зор жауапкершілік. Жеңімпаз, чемпион болу — бір басқа, жеңімпазға, чемпионға лайық үлгі көрсету — бір бөлек. Жас ұрпақты табанды, қайсар, шыдамды болумен қатар, оларды әдепті, мәдениетті, тиянақты болуға үйрету өте маңызды. Сонда жастарымыздың тәні де, жаны да сау, санасы сергек болады, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент спорттағы жоғары жетістіктері, сондай-ақ Бішкек қаласында VI Дүниежүзілік көшпенділер ойындарын ұйымдастыруға және өткізуге ерекше үлес қосқаны үшін бір топ азаматқа мемлекеттік наградаларды салтанатты түрде табыстады.

КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ТҮСІНДІРУ – НЕГІЗГІ МІНДЕТ

Вице-Президент Ерлан Қариннің төрағалығымен өткен Идеологиялық кеңестің отырысында ішкі саясат саласындағы басым міндеттер қаралды. Жиынға Президент Әкімшілігінің құрылымдық бөлімшелері және бейінді орталық мемлекеттік органдардың басшылары қатысты.



Міндеттердің бірінші блогы конституциялық құндылықтарды жүйелі түрде ілгерілету мәселелеріне арналды. Ерлан Қарин Ата заңда бекітілген құндылық бағдарлары Президенттің елді жан-жақты жаңғыртуға бағытталған стратегиялық реформаларының тұжырымдамалық өзегін құрайтынын атап өтті. Сондықтан мемлекеттік саясат прогрессивті конституциялық қағидаттарды қоғамда орнықтыруға бағытталуға тиіс. Бұл, ең алдымен, Заң және Тәртіп үстемдігін қамтамасыз ету, жалпыұлттық бірлікті, этносаралық және конфессияаралық келісімді нығайту, мәдениетті, білімді, ғылым мен инновацияны дамыту, қоршаған ортаға қамқор-

лық жасау, қоғамда еңбек культін, әлеуметтік оптимизмді, жауапты әрі жасампаз патриотизм идеясын орнықтыруды қамтиды.

Ерлан Қарин осы бағыттағы мемлекеттік аппарат жұмысының мазмұнын айқындайтын негізгі құжаттар Мемлекет басшысының тапсырмасымен қабылданған «Қазақстан Республикасының ішкі саясатының негізгі қағидаттарын, құндылықтарын мен бағыттарын бекіту туралы» Президент Жарлығы және Қазақстан Республикасының Конституциясын ілгерілету жөніндегі іс-шаралар жоспары екенін жеткізді.

Міндеттердің екінші блогы жаңа қоғамдық этиканы қалып-

тастыру мәселелеріне қатысты болды. Ерлан Қарин бұл идеологиялық жұмыста қоғамдық орындардағы мінез-құлық мәдениетіне дейінгі өмірдің барлық саласын қамтитын маңызды басымдық екенін мәлімдеді. Бөгде құндылықтар мен мінез-құлық нормаларын таңуға, қоғамдық өмірді ескілікке бұруға, тарихты мифке айналдыруға бағытталған әрекеттерге кешенді түрде қарсы тұру жеке міндет ретінде белгіленді.

Осы орайда Ерлан Қарин «Заң және тәртіп» қағидатын, «Таза Қазақстан» жобасын және «Адал азамат» тәрбие бағдарламасын дәйекті жүзеге асырудың маңы-

зына тоқталды. Сонымен қатар Президенттің «Таза Қазақстан» бастамасын кең ауқымда іске асырудың жаңа тәсілдерін әзірлеу қажеттігі айтылды. Яғни бірыңғай цифрлық платформа құру, өңірлердің рейтингін жасау, тазалықтың ұлттық стандартын енгізу және Қазақстанды көгалдандырудың онлайн-картасын қалыптастыру ұсынылды.

Міндеттердің үшінші блогы ішкі саясат саласындағы барлық стратегиялық құжаттарды, атап айтқанда, «Қазақстан балалары» тұжырымдамасын, Дін саласындағы мемлекеттік саясатты дамыту тұжырымдамасын, Мемлекеттік жастар саясаты тұжырымдамасын және Жастарды әскери-патриоттық тәрбиелеу тұжырымдамасын сапалы орындау мәселелеріне арналды.

Сонымен қатар Вице-Президент Мемлекет басшысы бастамашылық еткен өзге де бағдарламалық құжаттарды, оның ішінде «Оқитын ұлт» тұжырымдамасын және Этносаралық қатынастар мен қоғамдық келісімді дамытудың жаңа тұжырымдамасын уақытылы әзірлеу өзекті екеніне назар аударды.

Жалпы, Ерлан Қарин Мемлекет басшысының стратегиялық реформалар бағытын және Әділетті Қазақстанды құру жөніндегі ауқымды жұмысты сапалы ақпараттық-идеологиялық тұрғыдан сүйемелдеудің маңызын атап өтті. Оның айтуынша, барлық жалпыұлттық жоба мен бастамалар елді жаппай жаңғыртудың тұтас жүйесіне кіріктірілуге тиіс.

Жиын соңында Вице-Президент мемлекеттік органдардың ішкі саяси жұмысында бақылауды, жүйелі тәсілді және жалпы үйлестіруді қамтамасыз ету қажеттігін тағы да еске салды.

— Ішкі саясат саласындағы жүйелеу жұмысын жалғастыру қажет — бірыңғай талаптарды, нақты регламенттер мен рәсімдерді бекіту керек. Қарқынды бөсендетуге немесе қол жеткізген нәтижелермен тоқтап қалуға болмайды, үнемі алға ұмтылу қажет. Біздің ортақ міндетіміз — азаматтардың сұранысына тиімді жауап беру, жасампаз күн тәртібі мен жаңа конституциялық құндылықтарды ілгерілету, Президент бастамаларының сапалы әрі тиімді іске асырылуын қамтамасыз ету, — деп түйіндеді Ерлан Қарин.

Отырыс қорытындысы бойынша жауапты мемлекеттік органдарға ішкі саясат саласындағы жұмыстың негізгі бағыттарын практикалық тұрғыда іске асыру жөнінде тиісті тапсырмалар берілді.

ҚҰРЫЛТАЙ

12 ҚЫРКҮЙЕК 2026 | СЕНБІ

ҚҰРЫЛТАЙ РЕГЛАМЕНТІ
ҚАБЫЛДАНДЫ

Құрылтай Спикері Айбек Дәдебайдың төрағалығымен өткен Құрылтай отырысында депутаттар Қазақстан Республикасы Құрылтайының Регламентін қабылдады.

Құжаттың ережелерін Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитетінің мүшесі, депутат Снежанна Имашева таныстырды.

— Регламент жобасы Құрылтай қызметінің толыққанды рәсімдік негізін қалайды. Оның маңызы тек ішкі жұмыс тәртібін белгілеумен шектелмейді. Регламент, ең алдымен, заң жобаларын кәсіби, дәйекті әрі мазмұнды түрде қарауға қажетті жағдай жасайды. Дәл осы тәсіл

Құрылтайға заң шығарушы билікті жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының жоғары өкілді органы ретінде өзінің конституциялық рөлін толық көлемде іске асыруға мүмкіндік береді, — деді депутат.

Заң шығару процесінің жана қағидаларына сәйкес заң жобалары үш оқылымда қаралады. Халықаралық шартты ратификациялау немесе денонсациялау туралы заңдар бұған жатпайды, бұл жобалар екі оқылымда қаралады.

Бірінші оқылымда заң жобасының мақсаттары, міндеттері, негізгі ережелері, сондай-ақ оны қабылдаудың ықтимал әлеуметтік-экономикалық, құқықтық және өзге де салдары талқыланады. Бірінші оқылымнан кейін түзетулер егжей-тегжейлі пысықталады. Екінші оқылымда жұмыс тобына немесе бас комитетке енгізілген заң жобасына түзетулер қаралады. Үшінші оқылым Құрылтайдағы заң шығару рәсімін аяқтайды. Бұл кезеңде заң жобасын Қазақстан Республикасының Конституциясына және өзге де заңнамасына сәйкестендіруге бағытталған түзетулер ғана қаралады.

Құрылтай Регламентіне сәйкес заң жобаларына түзетулерді депутаттар, комитеттер және фракциялар енгізе алады. Сонымен қатар қаралып жатқан заң жобаларына Үкіметтің ұсыныстарын қараудың арнайы тәртібі көзделген. Комитет ұсыныстарды қарап, оның қорытындысы бойынша оларды салыстырма кестеге енгізу немесе енгізбеу туралы шешім қабылдауға тиіс. Бұл ретте заң жобасын заңнамалық бастама субъектісі оны қараудың кез келген кезеңінде қайтарып ала алады.

Депутаттың айтуынша, Регламенттің тағы бір маңызды бөлігі Құрылтайдың Конституциялық Сотпен, Үкіметпен және Қазақстан Халық Кеңесімен өзара іс-қимылына, соның ішінде Конституция мен заңдарда көзделген мәселелерді қарау рәсімдеріне арналған. Парламенттік бақылаудың маңызды құралы ретінде Үкімет сағаты сақталады. Ал депутаттың

талабы бойынша депутаттық сауалға жауап тікелей Құрылтай отырысында жарияланып, сұрақтар қоюға және талқылау өткізуге мүмкіндік беріледі.

Сонымен қатар Регламентте Құрылтайдағы көпшілік пен оппозицияның мәртебесі айқындалады. Оппозиция әр сессияда кемінде бір рет тыңдау өткізуге бастамашылық жасауға және кемінде екі рет Үкімет сағатының күн тәртібін айқындауға құқылы. Сондай-ақ тұрақты комитеттердің басшылығында оппозиция өкілдерінің болуы көзделген.

Снежанна Имашева депутаттардың құқықтарымен қатар жауапкершілігі де бекітілетінін атап өтті. Регламентте отырысқа дәлелді себепсіз жүйелі түрде қатыспау, өз дауысын басқа депутатқа беру, сондай-ақ депутаттық әдеп қағидаларын бұзу жағдайларында қолданылатын шаралар көзделген. Осылайша, депутаттық мандат тек құқықтар жиынтығы ретінде ғана емес, сондай-ақ Құрылтай қызметіне жеке әрі адал қатысу міндеті ретінде қаралады.

Ашықтықты қамтамасыз ету үшін Регламентте отырыстардың, тыңдаулардың және Үкімет сағаттарының стенографиясын түсіру және бейнежазбасын жасау, тиісті материалдарды Құрылтайдың интернет-ресурсында орналастыру көзделген. Халықаралық ынтымақтастық, парламенттік делегациялардың қызметі, шет мемлекеттердің парламенттерімен және халықаралық ұйымдармен өзара іс-қимыл жеке реттеледі.

Отырыс қорытындысы бойынша депутаттар Қазақстан Республикасы Құрылтайының Регламентін қабылдауды қолдап дауыс берді.

Іс-шара соңында Құрылтай депутаттары өзекті әлеуметтік және экономикалық тақырыптар бойынша мемлекеттік органдарға 10 депутаттық сауал жолдады. Олардың барлығы Құрылтайдың ресми сайты мен Telegram-арнасында жарияланды.

ОТЫРЫСТЫҢ ЗАҢНАМАЛЫҚ
КҮН ТӘРТІБІН АЙҚЫНДАДЫ

Құрылтай Спикері Айбек Дәдебайдың төрағалығымен өткен Бюро отырысында Құрылтайдың алдағы отырысының күн тәртібі мен Құрылтайдағы заң жобалары бойынша қорытындылар дайындау мерзімдері айқындалды. Сонымен қатар Бюро Құрылтай жанынан Қоғамдық палата құру, Құрылтайдың Парламентаризм институтымен өзара іс-қимылы және Қоғамдық қабылдау ашу мәселелерін қарады.

Алдағы Құрылтай отырысында депутаттар 1994 жылғы 15 сәуірдегі Дүниежүзілік сауда ұйымын құру туралы Марракеш келісіміне Қазақстанның қосылуы туралы хаттамаға қосымша болып табылатын Көрсетілетін қызметтер бойынша Қазақстан Республикасының ерекше міндеттемелерінің тізбесіне өзгерістерді ратификациялау жобасын бірінші оқылымда қарайды. Осы Тізбеге ратификациялауға ұсынылған өзгерістер арқылы Қазақстан ДСҰ-ның қызметтерді ішкі реттеу жөніндегі қағидаларына қосылады.

Экономикалық саясат, өнеркәсіп және энергетика комитетінің төрағасы Наталья Годунова атап өткендей, құжатта лицензиялау талаптары мен рәсімдері, біліктілік талаптары, сондай-ақ қызмет көрсету саласындағы стандарттар қамтылады. Осы Қағидаларды қабылдау қызметтер саудасын реттеудің әділ әрі ашық болуына мүмкіндік



туғызады, әкімшілік рәсімдерді оңайлатуға, реттеу талаптарының ашықтығын арттыруға, сондай-ақ шетелдік және отандық қызмет көрсетушілер үшін қолайлы жағдай жасауға ықпал етеді деп күтілуде.

Сонымен қатар Құрылтай отырысында Қазақстан мен Сербия Үкіметтері арасындағы әскери-техникалық ынтымақтастық туралы келісімді ратификациялау туралы заң жобасын бірінші оқылымда қарау жоспарланып отыр. Халықаралық істер, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің төрағасы Марат Қожаевтың айтуынша, бұл

келісім тең құқықтық қағидат негізінде елдер арасындағы өзара тиімді әскери-техникалық ынтымақтастықты дамытуды айқындайды. Онда әскери мақсаттағы өнімді өзара жеткізуді жүзеге асыру, қару-жарақ пен әскери техникаға қызмет көрсету мен жөндеу, бірлескен ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды жүргізу және басқа да бағыттар қамтылған.

Депутаттар Құрылтай жанынан Қоғамдық палата құру мәселесін де қарастырады. Халықаралық істер, қорғаныс және

қауіпсіздік комитетінің мүшесі Айдос Сарым атап өткендей, Құрылтайдың бірінші сессиясының ашылуында Мемлекет басшысы стратегиялық маңызы бар заң жобаларын сарапшылар қауымдастығы жан-жақты талқылауы қажет екенін айтқан болатын. Осы тапсырманы орындау үшін Құрылтай жанынан Қоғамдық палата құру ұсынылып отыр. Оның негізгі миссиясы «нөлдiк оқылым» сатысында заң жобаларына ғылыми, сарапшылық және қоғамдық сараптама жүргізу болады.

Бюро сонымен қатар Құрылтай Вице-спикері Нұрлан Бекназаровтың Құрылтайдың Парламентаризм институтымен өзара іс-қимылы туралы ұсыныстарын тыңдады. Құрылтайдың қоғамдық қабылдау бөлмесін ашу туралы шешім қабылдады. Вице-спикер Динара Зәкиеваның айтуынша, Құрылтай депутаттарының азаматтарды жүзбе-жүз қабылдауы Мемлекет басшысының «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» құру жөніндегі бастамасын іске асырудағы маңызды қадам болмақ.

Бюро отырысы барысында тұрақты комитеттердің төрағалары Парламент Мәжілісінен өткен заң жобалары бойынша сөз сөйледі. Олардың қатарында денсаулық сақтау мәселелері бойынша түзетулер жобасы, мүмкіндігі шектеулі балаларды кешенді қолдау туралы заң жобасы, тұтынушылардың құқығын қорғау жөніндегі жаңа заң жобасы, ветеринария мәселелеріне қатысты өзгерістер мен толықтырулар пакеті, нормашығармашылықты жетілдіру мәселелері бойынша түзетулер және тағы басқалар бар.

12 ҚЫРКҮЙЕК 2026 | СЕНБІ



ТҰРҒЫНДАР МӘСЕЛЕСІ ҚАРАЛДЫ

«Әділет» партиясының Түркістан облыстық филиалында тұрғындарды жеке мәселелері бойынша қабылдау өтті. Қабылдауға Түркістан облысының Денсаулық сақтау басқармасының басшысы Асхан Байдувалиев, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау саласындағы реттеу және бақылау комитетінің Түркістан облысы бойынша департаменті басшысының міндетін уақытша атқарушы Марат Архаров және облыстық партия филиалы төрағасының орынбасары Қалыйма Жантөреева қатысты.

Назгүл НАЗАРБЕК,
Түркістан облысы

Қабылдауға келген азаматтар денсаулық сақтау және әлеуметтік қорғау саласына қатысты өзекті мәселелерін ортаға салды. Атап айтқанда, «Ақзере» емханасы дәрігерлерінің жұмысына қатысты шағымдар, Сайрам аудандық орталық ауруханасы қызметкерлерінің дөрекі қарым-қатынасы мен жұмысындағы салғырттық, сондай-ақ мүгедектік тобын белгілеуге байланысты мәселелер көтерілді. Олардың қатарында, эпилепсия диагнозы қойылған баласына мүгедектік тобын рәсімдеуге және белгіленген II топтағы мүгедектікті I топқа ауыстыру мәселесі бойынша өтініштер айтылды.

Түлкібас ауданына қатысты да бірқатар маңызды мәселе көтерілді. Атап айтқанда, Түлкібас аудандық орталық ауруханасына қарасты Састөбе бөлімшесін жөндеу немесе жана аурухана салу қажеттілігі жайы қаралды. Бұдан бөлек, Састөбе ауылындағы емханада офтальмолог, невропатолог, рентгенолог, оку-

лист, гинеколог және басқа да бейінді мамандардың тапшылығы сөз болып, тиісті штаттық бірліктер қарастыру мәселесі көтерілді.

Қабылдау барысында медициналық көмектің қолжетімділігіне қатысты мәселе де жедел қаралды. Облыстық клиникалық аурухананың гинекология бөліміне шұғыл консультация мен УДЗ-ге жолдама қажет екенін айтқан тұрғынның мәселесін шешу үшін Сарыағаш ауданының бас дәрігерімен онлайн байланыс орнатылып, тиісті шара қабылдау жөнінде нақтылау жүргізілді.

Қабылдау барысында азаматтардың әрбір өтініші жеке қаралып, мәселелерді қағаз жүзінде ғана тіркеп қоюмен шектелмей, сол сәтте зерделеуге басымдық берілді. Қажет болған жағдайда аудандық ауруханалардың бас дәрігерлерімен онлайн байланысқа шығып, жағдайды нақтылау және мәселенің оңтайлы шешімін табу бойынша жұмыс жүргізілді.

«Әділет» партиясы үшін халықтың мұң-мұқтажын тыңдау ғана емес, көтерілген мәселелердің шешілуіне ықпал ету — негізгі міндеттің бірі.

ЖОЛ ЖӨНДЕУ ЖҰМЫСТАРЫ БАҚЫЛАНАДЫ

Тараз қаласында жол инфрақұрылымын жаңарту жұмыстары «Әділет» партиясының партиялық бақылауына алынды. Партияның Жамбыл облыстық филиалының мүшелері, Саяси кеңес мүшелері және облыстық және қалалық мәслихат депутаттары Қ.Тұрысов және Әл-Фараби көшелеріндегі жөндеу жұмыстарының барысын тексерді.



Саятхан САТЫЛҒАН,
Жамбыл облысы

Қазір Қ.Тұрысов көшесінен Төле би көшесіне дейінгі аралықта ұзындығы 1,1 шақырым жол учаскесінде ауқымды жаңғырту жұмыстары жүргізілуде. Нысанда 7 арнайы техника және 30 жұмысшы еңбек етуде.

Мердігер «Ая-Сервис» ЖШС өкілдерінің айтуынша, құрылыс жұмыстары демалыс және мереке күндеріне қарамастан үздіксіз жүргізілуде. Жоба бойынша нысанды 2026 жылғы 1 қазанға дейін аяқтау көзделген. Сонымен қатар мердігер көлік қозғалысына қолайсыздықты азайту және кептелістердің алдын алу мақсатында жұмысты жеделдетіп, негізгі жұмыстарды 23 қыркүйекке дейін аяқтауды жоспарлап отыр.

Жоба аясында жолды кеңейтіп, көлік қозғалысының қауіпсіздігі мен өткізу қабілетін арттыру көзделген. Нысанның жалпы құны 160 985,297 млн теңгені құрайды. Сонымен қатар партиялық бақылау барысында Төле би және Ниетқалиев көшелері аралығындағы жол учаскесін жөндеу жұмыстарын 12 қыркүйекке дейін толық аяқтау жөнінде ұсыныстар берілді.

Бұдан бөлек, Әл-Фараби көшесінің Төле би көшесінен Ниетқалиев көшесіне

дейінгі аралығында орташа жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Жөнделетін учаскенің ұзындығы — 1,355 шақырым. Мердігер ұйым — «Компания инвест МК» ЖШС.

Партия өкілдері мердігерлерге жұмыстарды белгіленген мерзімде және сапалы орындаудың маңызын атап өтті. Сондай-ақ құрылыс барысын жүйелі бақылауда ұстап, анықталған мәселелердің уақытылы шешілуін қамтамасыз ету қажеттігі айтылды.

«Жол жөндеу жұмыстарының уақытында аяқталуы тұрғындар үшін аса маңызды. Сондықтан біз тек жұмыстың жүргізіліп жатқанына емес, оның сапасы мен нақты мерзіміне де назар аударамыз. Мердігерлерге жұмыстарды мүмкіндігінше жеделдетіп, көлік қозғалысына түсетін салмақты азайту жөнінде ұсыныстар берілді. Нысандар толық аяқталғанға дейін партиялық бақылау жалғасады», — деді Партиялық бақылау жөніндегі инспектор Ерғали Омаров.

«Әділет» партиясының Жамбыл облыстық филиалы Тараз қаласындағы жол жөндеу жобаларының орындалу барысын бақылауды жалғастырады. Тұрғындардың қауіпсіз әрі қолайлы қозғалысын қамтамасыз етуге бағытталған жұмыстардың сапасы мен мерзіміне тұрақты назар аударылады.

ҚАРТТАРҒА ҚАМҚОРЛЫҚ КӨРСЕТТІ



«Әділет» партиясы Атырау облыстық филиалының «Жастар Рухы» жастар қанаты «Ардагерлерді ардақтайық!» акциясы аясында Атырау қаласы Кеңезек ауылдық округінде тұратын жалғызбасты қарияға көмек көрсетті.

Баян ЖАНҰЗАҚ,
Атырау облысы

Жастар Кеңезек ауылының байырғы тұрғыны Меруерт Әділбаеваның үйіне арнайы барып, ауласын ретке келтірді. Олар қураған шөпті жұлып, айналаны коқыстан тазартып, қарияның күнделікті тұрмысына қажетті жұмыстарды атқаруға қолғабыс етті.

Акцияның негізгі мақсаты — аға буынға құрмет көрсету, көмекке мұқтаж жандарға қолдау білдіру және жастар арасында қайырымдылық пен жанашырлық

құндылықтарын кеңінен насихаттау. Игі бастама жастардың қоғамдық жауапкершілігін арттырып қана қоймай, ұрпақтар сабақтастығын нығайтуға да бағытталған.

— «Жастар Рухы» мұндай игі істерге әрдайым белсенді атсалысады. Кеше Құрманғазы ауданында белсенді жастар мүгедектігі бар азаматтың үйінде тазалық жұмыстарын жүргізіп, ас әзірлеуге көмектесті. Бүгін Атырау қаласында осы игі істі жалғастырып отырмыз. Мұндай жұмыстар бір күнмен шектелмейді. Жастар көмекке мұқтаж жандарға әрда-

йым қол ұшын созуға дайын, — деді «Әділет» партиясы Атырау облыстық филиалы «Жастар Рухы» жастар қанатының кеңесшісі Бекарыс Закария.

Өз кезегінде Меруерт әжей жастардың қамқорлығы мен ықыласына ризашылығын білдіріп, ақ батасын берді.

— Атыраулық жастар бүгін үйіме ат басын тіреп, ауламды тазалап, үлкен көмек көрсетті. Олардың үлкенді сыйлап, мұқтаж жанға қол ұшын созып жүргені көңіл қуантады, — деді Меруерт Әділбайқызы.

Айта кету керек, «Ардагерлерді ардақтайық!» акциясы аясындағы мұндай шаралар үлкенге құрмет көрсетуге, қоғамдағы өзара қолдау мен мейірімділік мәдениетін қалыптастыруға мүмкіндік береді. Атыраулық жастар алдағы уақытта да мұндай игі істерді жалғастырмақ.

РЕФОРМА

12 ҚЫРКҮЙЕК 2026 | СЕНБІ

Бүгінде әлеуметтік желі баланың бос уақытын ғана емес, ойлау жүйесі мен мінез-құлқын да қалыптастыратын қуатты ортаға айналды. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 16 жасқа толмаған балалардың әлеуметтік желіге тіркелуіне заң жүзінде шектеу қою жөніндегі бастаманы қолдайтынын айтқан еді. Президент цифрлық платформалардың өскелең ұрпаққа ықпалы отбасы мен мектептің әсерінен кем түспейтінін атап өтті. Ендігі мәселе – баланы интернеттен оқшаулау емес, оны зиянды контенттен қалай тиімді қорғау.

Гүлзина БЕКТАС

Құрылтай отырысында «Әділет» партиясы фракциясының мүшесі, депутат Жанарбек Әшімжан осы мәселеге орай Премьер-министр Олжас Бектеновтің атына депутаттық сауал жолдады. Ол депутаттық сауалында: «Бүгінде әлеуметтік желі баланың бос уақытын өткізетін орта ғана емес, оның психологиясына, денсаулығына, мінез-құлқына және білім алуына ықпал ететін факторға айналды. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Тамыз конференциясында және Құрылтайдың алғашқы сессиясының ашылуында әлеуметтік желілер мен цифрлық платформалардың балалардың дүниетанымына отбасы мен мектептен кем әсер етпейтінін айрықша атап өтіп, 16 жасқа толмаған балалардың әлеуметтік желіге тіркелуіне заң арқылы тыйым салу бастамасын қолдады. Сайлаушылармен кездесу барысында да жиі көтерілді. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының Еуропалық өңірлік бюросы жүргізген (HBSC) зерттеуі 44 елдегі 280 мыңға жуық жасөспірімді қамтыды. Нәтижесінде, әлеуметтік желіні проблемалық деңгейде пайдаланушының үлесі 2018 жылғы 7 пайыздан 2022 жылы 11 пайызға өскені анықталған. Бұл – мәселенің ауқымы жыл сайын артып бара жатқанын көрсетеді. Мұндай тәуелділік ұйқының бұзылуы мен психологиялық әл-ауқаттың төмендеуімен байланысты», – деді. Сондай-ақ депутат бастамаға ата-ана тарапынан да, бақылау тетігіне қатысты да сауал туындайтыны белгілі. Құрылтай депутаты, «Әділет» партиясы фракциясының мүшесі Жарқынбек Амантайұлының пікірінше, 16 жасқа дейін әлеуметтік желіге шектеу енгізу балаларды зиянды контенттен қорғай аламыз ма? Балалардың қауіпсіздігін қайтсек күшейте аламыз? Мұндай бастамаға ата-ана тарапынан да, бақылау тетігіне қатысты да сауал туындайтыны белгілі. Құрылтай депутаты, «Әділет» партиясы фракциясының мүшесі Жарқынбек Амантайұлының пікірінше, 16 жасқа дейін әлеуметтік желіге шектеу енгізу балаларды зиянды контенттен қорғай алады. Алайда заңның нәтижелі болуы тек шектеудің өзіне емес, оның отбасында және қоғамда қаншалықты орындалатынына байланысты. Депутат бұл мәселеде ата-ананың жауапкершілігі мен қоғамның құқықтық және цифрлық сауаттылығына ерекше мән береді. Оның айтуынша, цифрлық гигиенаны қалыптастыру, балаларды теріс әрі зиянды ақпараттан қорғау бағытында түсіндіру жұмыстарын күшейту қажет. Ал бұл талаптар заңмен нақты бекітілсе, мектеп

пен өзге де ортада оның орындалуын талап етуге құқықтық негіз пайда болады.

«Заңмен реттелмеген дүниеде, құқықтық тұрғыдан аражігі ашылмаған дүниеде, түсініксіз дау-дамайлар, келіспеушіліктер әрқашан болып тұрады. Тіпті 16 жасқа дейін балаларға шектеу енгізілгеннен кейін, оны оқу орындарында, басқа орталарда оған бір белгілі бір азаматтар заңның орындалуын талап ете алуы мүмкін. Бұндай жағдайда ата-ана да сол заңдылық, заң талаптарын орындауға мүдделі бо-

ЖЕЛІГЕ ЖЕТІ ЖЕРДЕН Тыйым

лады. Сондықтан әрине, оның толыққанды жүзеге асуы үшін жан-жақты тәртібін ойластыру қажет, жауапкершіліктің түрі де айқындалуы керек деген ойдамын», – дейді депутат.

Ал Білім беру саласын тұрақты дамыту қорының жобаларды дамыту жөніндегі жетекшісі Жазира Асанованың айтуынша, мұндай шектеу балаларды қорғаудың бір құралы бола алады, бірақ оны барлық мәселені шешетін жалғыз тетік деп қарауға болмайды.

«Мысалы, Аустралия 2025 жылғы 10 желтоқсаннан бастап 16 жасқа толмаған балалардың әлеуметтік желілерде жеке аккаунт ашуына және бұрынғы аккаунттарын сақтап қалуына шектеу енгізді. Бұл талап Facebook, Instagram, TikTok, Snapchat, X, YouTube, Reddit секілді ірі платформаларға қатысты. Алғашқы бірнеше айдың нәтижесі белгілі бір әсер бар екенін көрсетті: әлеуметтік желіде жеке аккаунты бар 16 жасқа толмаған балалардың үлесі 52,4 пайыздан 42,1 пайызға дейін төмендеген. Бірақ бұл балалар әлеуметтік желіні мүлде пайдаланбай қалды деген сөз емес. Олар ашық контентті аккаунтсыз көре алады, басқа сервистер мен мессенджерлерді пайдалана алады. Сондықтан шектеу қолжетімділікті азайтады, бірақ мәселені толық шешпейді», – дейді сарапшы.

Жазира Асанова сол себепті де бізге тыйыммен қатар бірнеше тетік қарастыру керек екенін айтып отыр. Ол зиянды контентті сүзгілеу, баланың жасына сәйкес қауіпсіз режимдер, ата-ана бақылауы, платформалардың жауапкершілігі және ең бастысы – баланың цифрлық сауаттылығы. «Бұл бағыт Қазақстанда да біртіндеп жүйеленіп келеді. 2026-2030 жылдарға арналған «Қазақстан балалары» тұжырымдамасында 1-сыныптан бастап киберқауіпсіздік, цифрлық гигиена, сыни ойлау және медиасауаттылық дағдыларын қалыптастыру қарастырылған. Интернеттегі



Елдар ҚАБА (colage)

Негізгі проблеманың бірі – платформалардың жасты тексеру жүйесінің әлі де жеткілікті деңгейде жұмыс істемейді. Сондықтан мемлекеттің негізгі тетігі баланы жеке-жеке бақылау емес, платформаларды талапты орындауға міндеттеу болуы керек.

қауіпсіз мінез-құлық тақырыптары мектептегі «Жеке қауіпсіздік» сабақтарына да енгізілген. Сонымен қатар ата-аналарға цифрлық тәуекелдерді тану және бақылау құралдарын пайдалану бойынша жұмыс жүргізу көзделген. Өйткені бала 16 жасқа толған күні интернет автоматты түрде қауіпсіз болып қалмайды. Сондықтан біздің міндет – баланы белгілі бір жасқа дейін цифрлық ортадан жай ғана шектеу емес, сол ортада қауіпсіз әрекет етуге үйрету», – дейді ол.

ПЛАТФОРМАЛАР ДА ЖАУАПКЕРШІЛІКТЕН ТЫС ҚАЛМАУЫ КЕРЕК

Бұлайда «Жасөспірімдердің әлеуметтік желіге кіруін шектеу үшін платформалардың да жауапкершілігін күшейту керек деп ойламайсыз ба?» деген сауал туындайтыны белгілі. Бұған Құ-

рылтай депутаты Жарқынбек Амантайұлы Қазақстанның ірі халықаралық платформалармен тікелей байланыс орнатуы маңызды екенін айтады. Оның сөзінше, Instagram, TikTok, Telegram секілді платформалардың өкілдіктерімен цифрлық қауіпсіздік мәселелері бойынша жүйелі жұмыс жүргізу қажет. Бұл ретте депутат мәселені тек платформаларды жауапкершілікке тартумен шешуге болмайды деп есептейді. Керісінше, олармен келіссөз жүргізіп, Қазақстанда енгізілетін талаптарды орындаудың тиімді жолдарын бірлесіп қарастырып жөн. «Біз өзіміз де осыған мүдделі болуымыз керек», – дейді Құрылтай депутаты.

Жазира Асанова болса, платформалардың жауапкершілігін нақты күшейту керек деген пікірде. Себебі баланың алдынан қандай видео шығатынын, қандай контент ұсынылатынын және оның желіде қанша уақыт өткізетінін анықтайтын алгоритмдер платформалардың қолында.

«Сондықтан платформалардан тек «16 жасқа толдыңыз ба?» деген формалды сұрақпен шектелмеуді талап ету керек. Олар жасты сенімді растауға, көмелетке толмаған пайдаланушылар үшін қауіпсіз параметрлерді автоматты түрде қосуға, зиянды контентті таралуын және тәуелділікті күшейтетін тетіктерді шектеуге міндетті болуға тиіс. Қазір халықаралық тәжірибе де осы бағытқа көшіп жатыр. Мысалы, Метаның АҚШ-та енгізетін жаңа талаптарында жасөспірімдер үшін

Facebook пен Instagram-ға күніне екі сағаттық лимит, түнде автоматты шектеу және сабақ уақытында push-хабарламаларды өшіру қарастырылған. Бала бұл лимитті ата-анасының рұқсатынсыз алып тастай алмайды. Яғни баланың қауіпсіздігі тек ата-ананың жауапкершілігі болмауы керек. Баланың назарынан табыс тауып отырған платформаның да нақты жауапкершілігі болуға тиіс», – дейді сарапшы.

Тыйымды айналып өтудің жолы табылса ше?

«Желіге тыйым салу» дұрыс-ақ делік. Алайда балалар мұны айналып өтудің жолын табуы мүмкін бе? Мұндай жағдайда не істемек керек?

Жарқынбек Амантайұлы мұндай тәуекелдің бар екенін айтып отыр. Дегенмен қазіргі технологиялардың пайдаланушының жасын анықтау мен верификациялауға мүмкіндігі жеткілікті деп есептейді. Оның пікірінше, шектеуді айналып өтудің жекелеген жолдары табылғанымен, оны жаппай құбылыс деп қабылдауға болмайды. Ал бақылаудың нақты технологиялық тетіктерін цифрландыру және IT саласының мамандары айқындауға тиіс.

Ал Жазира Асанова да мұны жоққа шығармайды. «Бала туған жылын өзгертіп көрсетуі, басқа адамның аккаунтын пайдалануы немесе шектеуге кірмейтін басқа сервиске ауысуы мүмкін. Аустралия тәжірибесінде де алғашқы үш айда көптеген баланың аккаунттарын сақтап қалғаны немесе жаңасын ашып алғаны анықталған. Негізгі проблеманың бірі – платформалардың жасты тексеру жүйесінің әлі де жеткілікті деңгейде жұмыс істемейді. Сондықтан мемлекеттің негізгі тетігі баланы жеке-жеке бақылау емес, платформаларды талапты орындауға міндеттеу болуы керек. Яғни платформада сенімді жас верификациясы болуы, күмән туған жағдайда жасты қайта тексеру тетігі жұмыс істеуі, ал талапты жүйелі орындамаған компания немесе қолданушылар үшін нақты жауапкершілік қарастырылуы қажет. Бұл ретте баланың жеке деректерін қорғау да өте маңызды. Жасты растау деген баланың құжатын әр әлеуметтік желіге беру деген сөз болмауға тиіс. Қазір Еуропада да адамның нақты жеке деректерін ашпай-ақ белгілі бір жас шегінен асқанын растауға мүмкіндік беретін тәсілдер әзірленіп жатыр. Меніңше, ең дұрыс модель бір ғана тыйымға сүйену емес. Жас верификациясы, платформалардың жауапкершілігі, қауіпсіз цифрлық орта және баланың медиасауаттылығы қатар жұмыс істегенде ғана нәтиже болады», – дейді сарапшы.

P.S.

Бұрын желіге құлынды байлайтын еді, қазір бала-шағаның жұлыны байланып қалды. Сол себепті де, желіге жеті жерден тыйым қажет. Мемлекет, мектеп, ата-ана, әулет, мұғалім, полиция, тіпті керек десеніз, баланың жеке жауапкершілігі болғаны жөн. Осының бәрін жұмылдырғанда ғана шектеу жасай аламыз. Қазақ «сақтансаң, сақтайды» дейді. Сақтасақ, баланы желіден сақтайық!

ПРЕЗИДЕНТ ЖОЛДАУЫ

12 ҚЫРКҮЙЕК 2026 | СЕНБІ

Бүгінде үздік агрокәсіпорындар өнім шығарудан бастап оны терең өңдеуге дейінгі тұтас өндірісті жолға қойып, зор табысқа жетіп отыр. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев былтырғы Қазақстан халқына Жолдауында осындай агрохолдингтердің тәжірибесін кеңінен таратуға жағдай жасауды тапсырған. Осы бағытта Ақмола облысында жылына 3 млн тонна астық өңдейтін, құны 900 млрд теңге болатын зауыт салу жоспарланып отыр.

А Кәмила ДҮЙСЕН

Қазақстан әлемдегі ірі астық экспорттаушы мемлекеттердің алғашқы ондығына кіреді. Алайда мол өнімнің өзі жоғары табысқа кепіл емес. Ел астықты көбіне шикізат немесе бастапқы өңдеуден өткен ұн түрінде сыртқа шығарады да, негізгі қосылған құн шетелдегі кәсіпорындарда қалып қояды. Осы жағдайды өзгерту үшін Ақмола облысының Аршалы ауданында астықты терең өңдейтін ірі зауыт салу жоспарланған. Инвестиция көлемі 900 млрд теңге деп бағаланып отыр. Кәсіпорын толық қуатына шыққанда жылына 3 млн тоннаға дейін астық өңдеуге тиіс.

2026 жылғы егін жинау науқаны Қазақстанда астық тапшылығы жоқ екенін көрсетеді. Ауыл шаруашылығы министрлігінің мәліметінше, 9 қыркүйекте дәнді дақылдар егілген алқаптың 61,6%-ы жиналып, 13,5 млн тонна астық бастырылған. Орташа өнімділік гектарына 14,1 центнерді құрады. Бұл егін орағы әлі толық аяқталмаған кездегі нәтиже.

Ұлттық статистика бюросының жедел дерегі бойынша, 2026 жылғы 1 қыркүйекте елдегі дәнді және бұршақты дақылдардың жалпы қоры 12,8 млн тоннаға жеткен. Оның 9,17 млн тоннасы – бидай. Азық-түлік мақсатындағы астық көлемі 10,6 млн тонна, жемдік дақылдар 1,7 млн тонна болса, тұқым қорына 401 мың тонна бөлінген. Бидай қорының ішінде 8,4 млн тоннасы азық-түлікке арналған.

Бұл көрсеткіштер Қазақстанда терең өңдеу кәсіпорындарына қажетті шикізат базасы бар екенін аңғартады. Алайда жылдың белгілі бір күніндегі астық қорын елдің жылдық өндіріс көлемімен теңестіруге болмайды. Қор үнемі өзгеріп отырады: астық экспортқа жөнелтіледі, ішкі нарықта тұтынылады, мал азығына және келесі жылғы егіске пайдаланылады.

Ақмоладағы зауыт жылына 3 млн тонна астық қабылдаса, ол 2026 жылғы 1 қыркүйектегі жалпы астық қорының шамамен 23%-ына тең көлемді өңдейді. Демек, бұл кәсіпорын тек тағы бір зауыт болып қалмайды. Ол ішкі нарықтағы астыққа сұранысты, сатып алу бағасын және экспорттық ағындарды өзгерте алатын ірі ойыншыға айналмақ.

Қазақстанның АӨК экспорты бойынша жалпы көрсеткіші жаман емес. Ауыл шаруашылығы вице-министрі

ДӘННІҢ ДӘУЛЕТІ МОЛ



2026 жылғы егін жинау науқаны Қазақстанда астық тапшылығы жоқ екенін көрсетеді. Ауыл шаруашылығы министрлігінің мәліметінше, 9 қыркүйекте дәнді дақылдар егілген алқаптың 61,6%-ы жиналып, 13,5 млн тонна астық бастырылған. Орташа өнімділік гектарына 14,1 центнерді құрады. Бұл егін орағы әлі толық аяқталмаған кездегі нәтиже.

Назгүл Хатепованың айтуынша, өткен жылдың қорытындысында агроөнеркәсіп кешені өнімдерінің экспорты 7 млрд долларға жеткен.

«Біз астықтың негізгі экспорттаушыларының біріміз, алғашқы ондыққа кіреміз. Өткен жылдың қорытындысы бойынша АӨК өнімінің экспорты 7 млрд долларды құрады, оның 51%-ы – өңделген өнім. Алдағы уақытта сыртқы елдерге экспорт көлемін кеңейтіп, қайта

өңдеуді дамытатын боламыз», — деді вице-министр.

Дегенмен 51% көрсеткіш тек астыққа емес, бүкіл АӨК экспортына қатысты. Оның құрамына ұн, өсімдік майы, ет, сүт, кондитерлік және басқа да тауарлар кіреді. Ал экспортталатын астықтың қанша бөлігі терең өңдеуден өтетіні бөлек көрсетілмеген. Сондықтан басты көрсеткіш экспортталған тонна емес, Қазақстанның сол бір тонна шикізаттан қанша табыс табатыны болуы керек.

АСТЫҚ БАРДА АМАЛ БАР

Аршалы ауданында салынатын кәсіпорынға 900 млрд теңге инвестиция тарту жоспарланған. Ал Kazakh Invest жобаның үш кезеңмен жүзеге асырылып, жалпы өңдеу қуаты жылына 3 млн тоннаға жететінін хабарлаған.

Терең өңдеу кезінде астық жай ғана ұнға айналмайды. Одан крахмал, глютен, аминқышқылдары, биоэтанол, биопластик компоненттері мен мал азығына арналған өнімдер алуға болады. Бұлардың нарықтық құны шикі астықтың бағасынан жоғары. Өнімдер тамақ өнеркәсібінде ғана емес, фармацевтика, химия, мал шаруашылығы және биотехнология салаларында қолданылады.

Жобаның фермерлерге беретін бірінші пайдасы — ірі әрі тұрақты ішкі сатып алушының пайда болуы. Қазір астық өндірушілер сыртқы нарықтағы

бағаға, теміржол вагондарының қолжетімділігіне және транзиттік бағыттардың жұмысына тәуелді. Зауыт тұрақты жұмыс істесе, фермерлер өнімінің бір бөлігін ел ішінде өткізе алады.

Екінші мүмкіндік — сапасы экспорт талаптарына толық сәйкес келмейтін астықты өңдеу. Бірақ кәсіпорын қандай сыныптағы бидайды қабылдайтыны әзірге анық емес. Терең өңдеу технологиясында астықтың құрамындағы крахмал мен ақуыз мөлшері шешуші рөл атқаруы мүмкін. Сондықтан зауытқа кез келген астық жарайды деу дұрыс болмайды.

Жобаның тәуекелі де аз емес. Үш млн тонна шикізатты бір өңірден тұрақты жинау қиын болуы мүмкін. Құрғақшылық болған жылдары зауыт фермерлермен және дәстүрлі экспорттаушылармен астық үшін бәсекеге түседі. Бұған қоса, кәсіпорынға мол су, электр энергиясы, жылу, теміржол және қойма инфрақұрылымы қажет. Осының қаншасын инвестор, қаншасын мемлекет қаржыландыратыны ашық көрсетілуге тиіс.

Дайын өнім нарығы да алдын ала кепілдендірілуі керек. Зауыт салу — жұмыстың жартысы ғана. Егер экспорттық келісімдер болмаса немесе әлемдік баға төмендесе, кәсіпорын толық қуатында жұмыс істей алмайды. Мұндай жағдайда қағаз жүзіндегі 3 млн тонналық қуат нақты өндірістік нәтижеге айналмауы мүмкін.

ЗАУЫТ САЛУ БІР БӨЛЕК...

Мемлекет қазір АӨК-ті қаржыландыру тәсілін өзгертіп жатыр. Ауыл шаруашылығы вице-министрі Азат Сұлтановтың мәліметінше, бюджет саланың жалғыз қаржы көзі болмауы керек. Мемлекеттік қаражат банктер мен жеке инвесторлардың капиталын тартатын құрал ретінде пайдаланылмақ. Бір теңге мемлекеттік қолдауға жеті теңгеге дейін жеке инвестиция тарту көзделген.

2023 жылы АӨК-ті қаржыландыру көлемі шамамен 160 млрд теңге болса, 2025 жылы ол 1 трлн теңгеден асқан. Оның 153 млрд теңгесі тікелей бюджеттен беріліп, қалған бөлігі нарықтан тартылған. 2026 жылы 272 млрд теңге бюджет қаражаты есебінен көктемгі дала жұмыстарына, егін жинауға және техника алуға 1,1 трлн теңгеге дейін қаржы бағыттау жоспарланған. Тамызға дейін салаға 894 млрд теңге берілген. Ауыл шаруашылығы өндірушілері мен өңдеу кәсіпорындары жылдық 5-6% мөлшерлемесімен жеңілдетілген несие ала алады.

Қаржы қозғалысын бақылаудың дайын тетігі бар. Бидайды терең өңдейтін BioOperations кәсіпорны ВСС Bank арқылы цифрлық теңгемен қаржыландырылған. Аграрлық несие корпорациясы ұсынған қаражат жеткізушілермен есеп айырысуға жұмсалады. Бағдарламаланатын төлемдер ақшаның алдын ала белгіленген мақсат бойынша пайдаланылуын бақылауға мүмкіндік береді. Ақмоладағы жобаға мемлекеттік немесе квазимемлекеттік қаржы тартылса, осындай бақылау тетігін қолдану орынды.

Қазақстан шикі астық экспортын толық тоқтатпауы мүмкін және мұндай міндетті қоюдың өзі дұрыс емес. Шикізат экспорты да фермерлерге табыс пен елге валюта әкеледі. Мәселе — астықты түгел сыртқа шығаруда емес, экспорт құрылымын әртараптандыруда. Ел бір бөлігін шикізат түрінде сатып, екінші бөлігін жоғары қосылған құны бар өнімге айналдыра алуы керек.

НАРЫҚ

12 ҚЫРКҮЙЕК 2026 | СЕНБІ

Елімізде инфляция қарқынын үдетіп отыратын көбіне азық-түлік, ол жайында Үкімет мүшелерінің брифингтерінде жиі айтылып жүр. Отбасы бюджетінің қомақты бөлігін алып отыратындықтан сала нарығы жіті бақылауда болады, бізде ғана емес, әлем бойынша солай. Содан келіп шығады, жуырда БҰҰ-ның Азық-түлік және ауыл шаруашылығы ұйымы (ФАО) ресми мәліметтерін жариялады. Онда тамызда әлемде азық-түлік бағасы 2022 жылғы қарашадан бергі ең жоғары деңгейге жеткені айтылады. Бір айдың ішінде негізгі азық-түлік тауарларының барлығы қымбаттаған. Ал елімізде азық-түлік бағасы әзірге тұрақты.

А Ербол ТҰРЫМБЕТ

БҰҰ-ның Азық-түлік және ауыл шаруашылығы ұйымы (ФАО) әлемдегі негізгі азық-түлік тауарларының бағасын тұрақты түрде бақылап отырады. Ұйымның азық-түлік бағалары индексі тамыз айында 133,3 тармақты құрады. Бұл шілдедегі көрсеткіштен 1,9%-ға, ал өткен жылдың тамызымен салыстырғанда 2,5%-ға жоғары. Әсіресе тауарлар ішінде ең қатты қымбаттағаны — қант екен.

Бұл 2022 жылғы қарашадан бергі ең жоғары көрсеткіш дегенімізбен, қазіргі баға деңгейі сол жылғы наурызда тіркелген тарихи рекордтан әлі де төмен. Ол кезде Ресей мен Украина арасындағы әскери қақтығыс басталған шақ. Соғыс қимылдарының кесірінен әлем нарығы біршама дүрлігіп, соған ілесе баға да шарықтап, үстеме өсімі 17%-ға бір-ақ жеткен еді.

Бұл жолғы баға өзгерісі соншалық өрекіп кетпесе де, ешбір елге оңай соқпайтын сияқты. Кешегі тамыздағы негізгі деген бес азық-түлік тобына қарасақ, қымбатшылық бәрінде байқалған. Айталық, астық бағасы — 2,2%-ға, өсімдік майы — 0,6%-ға, ет — 1%-ға, сүт өнімдері — 2,3%-ға, қант 11,9%-ға өскен.

ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙ ҚАЛЫПТЫ

Әлемдік нарықтағы жағдай мәз болмай тұрғанымен әзірге біздің елде ондай қауіп жоқ сияқты. Ұлттық статистика бюросы таратқан мәліметке қарағанда, 2026 жылғы 2 қыркүйектегі жағдай бойынша есепті аптада Қазақстанда әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бірқатарының бағасы төмендеген. Тамыздың соңғы аптасындағы пияздың келісі — 7,2%-ға, сәбіз — 4,6%-ға, картоп — 3,2%-ға, қырыққабат — 3,1%-ға, алма — 1%-ға арзандаған. Әлбетте, қарапайым тұтынушы үшін сезілмейтін көрсеткіш. Дегенмен жалпы нарық әлемдік нарық ағынына ілесіп кетпейті.

Өңірлерге бөліп қарасақ, бірқатар қалада керісінше, дефляциялық динамика байқалған. Әлеуметтік маңызы бар деп жүрген 19 түрлі азық-түлік тауарының жалпы бағалар деңгейі бір апта ішінде Жезқазғанда — 0,4%-ға, Қостанайда — 0,2%-ға, Ақтау мен Қарағандыда 0,1%-ға түскен.

Жалпы, осы тамыздағы көрсеткіш елімізде сонау көктемнен бергі алғашқы едәуір арзаншылық екен. Ресми мәліметтер 2025 жылғы ақпанда инфляция 9,4% болғанын көрсетті. Содан кейін қарқынды үдеткен баға өсімі биылғы наурызға бір дейін тоқтамады. Көктемнің алғашқы



БАҒАНЫ БАҚЫЛАУ — МАҢЫЗДЫ

Бағыт

айында 10%-ға дейін үдегені бәріміздің есімізде. Одан кейінде 10 пайыздан асып түсіп отырмаса, одан бәсеңдеген жоқ. Сол бетімен келе тек өткен айда ғана дамылдап, 9,8% деген цифр көрсетті.

Мұндай жылымықтың себебі де белгілі. Жаздың аяғы мен күздің басы — астықтың пісер шағы. Базарда азық-түлік көбейді. Көкөніс пен жеміс-жидекке дейін бағасын түсірді. Соған байланысты отбасылық бюджеттің көп бөлігін алатын азық-түлік шығынының да азаятын кезі осы. Бір жағынан, елдегі инфляция көрсеткішіне де оң әсер етеді. Дегенмен сарапшылар да бұл факторды есепке алып отыр. Сондықтан қазіргі жағдайда «баға арзандап жатыр» дейтіндей оң статистикалар пайда болғанымен, арғы жағындағы жыл аяғына дейінгі бірнеше айға жасалған болжам бірібірі көңілге медеу болмай тұр.

ҚАРЖЫ ҰЙЫМДАРЫНЫҢ БОЛЖАМЫ

Ұлттық банк қаржы нарығында кәсіби сарапшылар арасында сауалнама жүргізіп, үнемі талдау жасап отырады. Сол әдетімен тамыз аяғында дәстүрлі макро-экономикалық сауалнаманың нәтижелерін жариялады. Ондағы деректерге қарасақ, экономистер 2026 жылға арналған мұнай бағасына қатысты болжамын барреліне 82,7 долларға дейін төмендеткен. Алдыңғы айдағы болжам 84,6 доллар еді. Ал 2027 жылға қара алтын бағасы 75 доллар деңгейінде сақталады деп сенеді. Одан соң 2028 жылға арналған болжам тіпті төмен, 73,7 доллар

балады деп бағалайды. Қара алтын саудасынан түсетін табыс ел бюджетінің едәуір бөлігін беріп отырғандықтан нарық бақылаушылары оны ылғи инфляциямен байланыстыра қадағалап отырады.



Ұлттық статистика бюросы таратқан мәліметке қарағанда, 2026 жылғы 2 қыркүйектегі жағдай бойынша есепті аптада Қазақстанда әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бірқатарының бағасы төмендеген.

Ел экономикасының өсіміне қатысты пайымдары аса керемет емес. Мұндағы болжамды көрсеткіштер осыған дейінгі жарияланған сандардан ауытқып кетпеген. 2026 жылы жалпы ішкі өнімнің (ЖІӨ) өсімі — 4,8%, 2027 жылы — 4,6%, 2028 жылы 4,3% болады деп күтеді. Биылға арналған жылдық қорытындыдағы инфляция деңгейі

де олардың болжамында 10% деңгейінде сақталып отыр. Алайда келесі жылдан бастап жағдай біршама қиындауы мүмкін. Өйткені осыған дейінгі есепте қаржыгерлер 2027 жылы 7,8% болады деп келсе, енді ол ойынан айнып, 8,5%-ға дейін өсірген. 2028 жылға арналған болжам да бастапқы 6,8% деген межеден 7%-ға көтеріліп кеткен.

рықты қалыптастырып отырғаны сөзсіз. Дегенмен сарапшылар біздегі инфляция қарқынын болжау үшін енді әлемдік азық-түлік индексінің де әсерін қоса қарастыра бастаған.

Жекелеген ұйымдар нарық қымбатшылығы тіпті жыл соңын күтпей-ақ сезілетінін де айтып жатыр. Мәселен, BCC Invest сарапшылары 2026 жылдың соңына қарай Қазақстандағы жылдық инфляция 11,2%-ға дейін өседі деген есебін жариялады. Оның ішінде әлгінде айтып өткен күзгі жылымық уақытын да ескерген. Қазіргі мамыражай шақтың ұзаққа бармасы белгілі. Сондықтан бір айдан соң нарық қайтадан шынайы қалпына оралуы бек мүмкін.

Қаржылық ұйым мәліметінше, жыл басынан бергі 6 айда ел экономикасындағы инфляциялық қысым біртіндеп төмендеген. Себебі экономикалық белсенділік пен несие нарығы біршама баяулаған. Жағдайдың жағымды қалыптасуына осы жайттар әсер еткенін жазады. Алайда бұл әрі қарай да жалғаса береді деген сөз емес. Осы кездегі 10 пайызға жетпейтін инфляция кейін қайта өсіп, жыл соңына қарай 11,2%-ға дейін жақындайтынын жазады.

Ал оған негізгі себептің бірі және алды — бағаны әкімшілік жолмен шектеудің әлсіреуі болғалы тұр. Атап айтқанда, былтырғы коммуналдық тарифтерді көтеруге енгізілген мораторий тоқтады. Сондай-ақ мұнай өнімдері мен газ бағасын реттеу өзгерді.

Азық-түлік пен валюта бағамы да қосымша қысым жасауы ықтимал. Қазақстанның импортындағы Ресейдің үлесі жыл басындағы шамамен 29%-дан 32%-ға дейін өскен. Демек, осы

азық-түлік тауарлары арқылы Ресейдегі инфляция Қазақстанға көшіп, біздің нарықтағы бағаны өзгертеді деген сөз. Сонымен қатар соңғы кездері тенге рубльге қарағанда әлсіреген. Импорттық тауарлар бағасының шарықтауына бұл да қосымша себеп. Ел ішінде ақша-несие саясатын қатаң ұстанғанымызбен, импорт бағасының өсуі біздегі инфляцияға әсер етуі мүмкін.

Елдегі әлеуметтік-экономикалық талдау және болжамдармен айналысатын Applied Economics Research Centre (AERC) компанияның есебі де тоқмелейтін болмайтынын көрсетеді. Олар да 2026 жылдың қорытындысы бойынша, Қазақстандағы тұтыну инфляциясының орташа жылдық деңгейі 10,4% болады деп есептеген. Бұл тіпті сәуірде жариялаған болжамынан 1,4 пайыздық тармаққа жоғары.

AERC мәліметінше, биыл маусымда жылдық инфляция 10,3% болып, 9 ай қатарынан баяулады. Алайда бұл — негізінен былтырғы жылдың жоғары көрсеткіштерімен салыстырып қарағандағы көрініс. Ал айлық инфляцияның қазіргі динамикасы бағанын тұрақты түрде төмендеп келе жатқанын әзірге көрсетпейді. Құбылып кету ықтималдығы сақталып тұр.

БАЗАЛЫҚ МӨЛШЕРЛЕМЕ ӨЗГЕРМЕДІ

Базалық мөлшерлемеге қатысты пікірлері де сондай. Биылғы жыл қорытындысына қатысты ойлары сол қалпы, орташа көрсеткіш 16% деңгейінде сақталады деген сенімде. Әйтсе де, 2027 жылға арналған болжам 12,8%-дан 13%-ға дейін артқан. Ал 2028 жылға арналған болжам сәл төмендеп, 10,6%-дан 10,5%-ға түсті.

Доллар бағамы бойынша да көзқарастары да инфляция сценарийіне ұқсас шыққан. Респонденттердің бағалауынша, биыл АҚШ валютасы құбылып кетеді деп қорқудың қажеті жоқ. Жыл бойғы графигін есептегенде орташа көрсеткіш 490 тенге шамасында болады деп байлам жасайды. Алайда келер жылдың қорытындысында 516,2 тенге, одан арғы 2028 жылы 562,2 тенге болады деген кереғар ойлары бар.

Экономикалық өсімнің төмендеуі де, базалық мөлшерлеменің қатандауы да және соңында доллардың нығаюы да — бәрі айналып келгенде нарықты қымбаттататын факторлар, оны түсіну үшін экономист болудың қажеті жоқ. Әлбетте, осы тізіп шыққан бірер фактор біздің на-

КӨКЕЙКЕСТІ

12 ҚЫРКҮЙЕК 2026 | СЕНБІ

Коммуналдық қызмет – халық үшін де, мемлекет үшін де маңызы зор сала. Әйтсе де бұл саладан да аз-кем түйткіл шығып жататыны жасырын емес. Биылдан бастап Қызылордаға келген «АЛСЕКО» компаниясы бір түбіртекке бірнеше коммуналдық қызметтің ақысын біріктіру арқылы халықтың уақытын үнемдеп, төлем жасауды жеңілдетуге тиіс еді. Бірақ Қызылордада жаңа жүйе қолданысқа енгеніне бірнеше ай өтпей жатып, түбіртектің өзінен гөрі ондағы коммуналдық қызметтің есебі көптің көкейінде күмәнді сұрақтар туғыза бастады.

Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ,
Қызылорда облысы

**ТҰРҒЫНДАРДЫ
ТОЛҒАНТҚАН
ТҮБІРТЕК**

Алғашында бір түбіртек жүйесі бір қарағанда көпшілікке қолайлы болып көрінді. Ала таңнан қас қарайғанша күйбен тірліктің соңында жүрген қара халық үшін бір төлем жүйесінің тиімділігі жоғары екені айтылды. Бірақ Қызылордадағы жаңа жүйе тұрғындардың уақытын үнемдеудің орнына жауапсыз сұрақтардың тиегін ағытып, есепсіз шығынға батырып жіберді. Оған себеп, төленген ақшаның «қарыз» болып қайта келуі, үйде ешкім отырмаса да мыңдаған теңгелік түбіртектің жіберілуі тұрғындардың наразылығын арттырды. Ең қиыны, қателік кеткен жағдайда жауапкершіліктің кімге жүктелетіні бұлыңғыр.

Негізінен төлем жүйесін цифрландыру жобасы тұрғындардың уақытын тиімді пайдалануына сеп болуға тиіс еді. Бірақ жаңа технология ел арасында бұрынғыдан да көп түсініксіз жағдай туғыза бастады.

Тарқатып айтсақ, Қызылорда облысында 2026 жылдың қаңтар айынан бастап электр энергиясы, су, жылу, кәріз, қоқыс шығару және өзге де қызметтер бір төлем құжатына біріктіріліп отыр. Ал «АЛСЕКО» АҚ осы жүйенің операторы ретінде жұмыс істей бастады. Ресми мәлімет бойынша, бес қызмет көрсетуші ұйым компаниямен бірыңғай есеп айырысу орталығы қызметтерін көрсетуге келісімшарт жасаған.

Бұл жүйе Сыр халқы үшін әр мекеменің шотын бөлек іздемей, барлық коммуналдық төлемді бір жерден көріп, төлеуге негізделген. Алайда мақсат пен нәтиже арасындағы алшақтық көп ұзамай халықтың ашу-ызасын туғызды. Әсіресе әлеуметтік желілерде «Үйде ешкім болмаса да жарыққа қыруар төлем келіп тұр. Сонда бұл ақша қайдан шықты?», «Жарыққа төленетін ақы бірнеше есе қымбатқа шығып жүр. Бұрын 3000-5000 шамасында төлесек, соңғы кездері 25-30 мыңға түбіртек келетін болды» деген секілді шағымдар үдеп барады.

Елдің арыз-шағымына сәйкес, өңірлік коммуникациялар қызметінде арнайы брифинг те ұйымдастырылып, сала мамандары мәселенің мән-маңызын кеңінен түсіндіруге тырысты. Әсіресе тұрғындар арасында коммуналдық

ЖАҢА ЖҮЙЕНІҢ ЖӨНСІЗ ЕСЕБІ



қызметтердің тарифін белгілеу, түбіртектегі төлемді есептеуге қатысты түсініспеушіліктер қалыптасқан. Бұған облыстық Энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының басшысы Медет Усаин мынадай түсініктеме берді.

«АЛСЕКО» АҚ коммуналдық қызметтердің тарифін белгілемейді және тұрғындардың төлем сомасын өз бетінше есептемейді. Әр қызмет бойынша есептеуді сол қызметті көрсететін коммуналдық кәсіпорын жүргізеді. Ал «АЛСЕКО»-ның міндеті – кәсіпорындардан келіп түскен есептеулерді бір жүйеге біріктіріп, тұрғындарға бірыңғай төлем құжаты ретінде ұсыну. Егер тұрғынның түбіртектегі су, жылу немесе электр энергиясына қатысты есептеуге күмәні болса, алдымен сол қызметті көрсететін мекемеге жүгіну қажет, – дейді басқарма басшысы.

Оның айтуынша, түбіртектегі әр соманың артында нақты қызмет көрсетуші кәсіпорын тұр. Ал «АЛСЕКО» бұл есептерді бір құжатқа жинақтап, тұрғынға жеткізуші тарап. Сондықтан даулы төлемнің себебін анықтауда «есепті кім шығарды?» деген сұраққа жауап беру маңызды дегенді алға тартады.

Сонымен қатар кей жағдайда екі жүйенің арасында ақпарат алмасу кешігеді екен. Тұрғын үй иесі ақшасын уақытында төлегенімен, төлем туралы мәлімет жаңа түбіртек қалыптасқанға дейін базаға түспей қалуы мүмкін.



азайтуға бағытталып отырғанын да ескеру керек сияқты. Егер тұтынушы ай сайын қате төлемді жауапты мекемелерге барып, қайта есептетуге мәжбүр болса, «АЛСЕКО» компаниясының қара халық үшін тиімділігі қандай болмақ деген сауал басы ашық күйінде қалып тұр.

ҚАРСЫ ТАРАПТЫҢ ДА АЙТАРЫ БАР

Бұл тұрғыда «АЛСЕКО» АҚ өкілі тарапынан да мәселенің мәнін ашып көрсетуге тырысып бақты.

«Қазір бірыңғай төлем құжатын жетілдіру бағытында бір-қатар жұмыс атқарылып жатыр. Атап айтқанда, төлем құжаттарын әр ай ішінде қайта жанарту, коммуналдық қызметтер бойынша тікелей төлемдерді бірыңғай төлем құжатына кезең-кезеңімен көшіру және тұтынушылардың мекенжай деректерін біріздендіру

қызмет бойынша бөлек есеп жүргізу қажеттілігін азайту. Тұтынушы барлық коммуналдық қызмет бойынша ақпаратты бір құжаттан көріп, төлемді де сол жерден жасай алуы керек. Сондықтан бірыңғай төлем құжатының басты міндеті – төлем процесін тұрғындар үшін барынша түсінікті, ыңғайлы әрі ашық ету», – дейді бұл жөнінде «АЛСЕКО» АҚ коммерциялық директоры Алексей Бозжанов.

Оның түсіндіруінше, «АЛСЕКО» коммуналдық тарифті өзі белгілемейді әрі электрдің, судың немесе жылудың бағасын өз бетінше өзгерте алмайды. Осы ретте компанияның негізгі міндеті – қызмет көрсетушілерден келіп түскен ақпаратты жинақтап, бір бірыңғай төлем құжатына біріктіру екенін алға тартады.

Сонымен қатар брифинг барысында тұрғындарға «Smart ЖКХ» мобильді және веб-қосымшасы іске қосылғаны да мәлім болды. Тегін қосымшада бірыңғай төлем құжатын, төлемдер тарихын және коммуналдық қызмет көрсетушілердің байланыс деректерін көруге болатыны айтылды.

Халық шағымынан туындаған мәселе брифингтен кейін облыс әкімдігі деңгейінде де қаралды. Аймақ басшысы Мұрат Ергешбаевтың төрағалығымен 8 қыркүйекте өткен жиында сала мамандарымен бірлесіп, коммуналдық төлемдерді бір жүйеге шоғырландыру, есеп айырысуды орталықтандыру және қызмет көрсету ашықтығын арттыру мәселелері көтерілді.

Қызылордадағы «АЛСЕКО» компаниясына қатысты түйткіл әлеуметтік желілерде әлі де қызу талқыға түсіп жатыр. Жауапты сала мамандары тарапынан бірыңғай төлем құжатын жетілдіру бағытында тиісті шаралар атқарылып жатқаны айтылғанымен, әзірге нақты нәтиже болар емес. Мұны жарықпен қамтамасыз етуші КРЭК мекемесінде электр энергиясына қатысты төлем мөлшерін қайта есептетуге кезекке тұрған халықтың қарасынан аңғаруға болады.

Жалпы, халық жаңа жүйе бойынша ақы төлеуге қарсы емес. Алайда «АЛСЕКО» «есепсіз» есептің қайдан келетінін түсінбей дал. Егер тариф өспесе, тұтыну көлемі өзгермесе, есептегіш көрсеткіші бұрынғы деңгейде болса, түбіртектегі соманың неге күрт өскенін, кей жағдайда төленген ақшаның қайтадан қарыз болып жазылу салдарын әр тұтынушы білуге құқылы.



Бұл жүйе Сыр халқы үшін әр мекеменің шотын бөлек іздемей, барлық коммуналдық төлемді бір жерден көріп, төлеуге негізделген. Алайда мақсат пен нәтиже арасындағы алшақтық көп ұзамай халықтың ашу-ызасын туғызды.

есептелген төлем бойынша бірнеше мекеменің табалдырығын тоздыруы қаншалықты дұрыс деген сұрақтың туындауы да заңдылық. Өйткені цифрландырудың негізгі мәні осындай әурені

мәселелері қаралуда. Бұл бағытта барлық қызмет көрсетуші кәсіпорынмен бірлесіп жұмыс жүргізіп жатырмыз. Негізгі мақсатымыз – тұрғындардың бірнеше жерден төлем жасап, әр коммуналдық

ОТБАСЫ КҮНІ

12 ҚЫРКҮЙЕК 2026 | СЕНБІ

ОТБАСЫ ҚҰНДЫЛЫҒЫ:
ЖАУАПКЕРШІЛІК ПЕ,
САБАҚТАСТЫҚ ПА?

Биыл 7-13 қыркүйек аралығында елімізде Отбасы апталығы өтуде. Оның мақсаты – отбасылық құндылықтарды дәріптеу, жауапты ата-ана болу мәдениетін дамыту, жастарды отбасылық өмірге дайындау және қолжетімді көмек туралы хабардар ету. Астанада осы маңызды апталықтың аясында, Отбасы күніне орай «Дәуірлер тоғысындағы отбасы» тақырыбында дөңгелек үстел өтті. Іс-шара Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссияның, сондай-ақ Мәдениет және ақпарат министрлігінің қолдауымен ұйымдастырылды. Басқосудың ұйымдастырушысы – Қазақстандық қоғамдық даму институты.

Айгүл СЕЙІЛ

Дөңгелек үстел мемлекеттік органдардың, ғылыми және сарапшылық қауымдастықтың өкілдерін бір алаңға жинады. Іс-шараны Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссия төрағасының орынбасары Жұлдызай Ысқакова жүргізсе, Құрылтай депутаты Снежана Имашева құттықтау сөз сөйлеп, отбасы құндылығының маңыздылығы жөніндегі пікірлерін бөлісті.

«Бүгінде мемлекет отбасыны қолдаудың түрлі тетігін қарастырып келеді. Бірақ әлеуметтік қолдау шаралары мәселенің бір ғана қыры. Біз үшін отбасы институтының өзінде қандай өзгерістер болып жатқанын түсіну маңызды. Неліктен жастардың некеге деген құлқы азаюда? Ұрпақтар арасындағы қарым-қатынас қалай өзгеруде? Салт-дәстүрлер қазіргі отбасында қандай орын алып жатыр? Мемлекеттік органдар үшін және ұлттық комиссия мүшелері үшін мұндай зерттеулердің практикалық маңызы өте зор. Ғылыми қауымдастықтың пікірін естіп қана қоймай, зерттеу нәтижелерін мемлекеттік отбасы саясатының нақты шешімдеріне айналдыру маңызды. Отбасын тек заңдармен, жәрдемақылармен немесе мемлекеттік бағдарламалармен ғана нығайту мүмкін емес. Мемлекет азаматтардың отбасын құруына, балалардың жауапкершілікпен тәрбиеленуіне және жастарына қамқорлық жасауы үшін қолайлы жағдай құруға тиіс», — деді Құрылтай депутаты.

ӘКЕНІҢ БАЛА
ТӘРБИЕСІНДЕГІ ОРНЫ

Мәдениет және ақпарат министрлігі Жастар және отбасы істері комитетінің төрағасы Қайрат Қамбаров бүгінде елімізде 6,2 миллион отбасы бар екенін айтты. «Сонғы бес жылда жыл сайын орта есеппен шамамен 126 мың неке тіркелген. Елімізде халықаралық міндеттемелер мен ұлттық стратегиялық құжаттарға негізделген отбасын қолдаудың құқықтық

және институционалдық жүйесі қалыптасқан.

Дүниежүзілік банктің баяндамасына сәйкес, 2026 жылы Қазақстан «Неке» өлшемі бойынша 100 балдың 100-ін, ал «Ата-ана болу» өлшемі бойынша 75 балл иеленген. Бұл отбасылық қатынастардағы құқықтық теңдік пен ата-аналарды қорғау кепілдіктерін сипаттайды.

Алайда отбасы институтын нығайту тек заңнамалық және институционалдық шаралармен шектелмейді. Оның беріктігі күнделікті қарым-қатынасқа, ата-ананың бала тәрбиесіне қатысуына, ерлі-зайыптылар арасындағы жауапкершіліктің бөлінуіне және отбасы мүшелерінің бір-біріне көрсететін қолдауына тікелей байланысты», — деді ол.

Қазақстандық қоғамдық даму институтының Отбасылық және гендерлік саясат саласындағы зерттеулер орталығы осы саладағы өзгерістерді тұрақты зерделеп келеді. Мәселен, «Қазақстандағы әкелер институты» баяндамасы әкелердің бала тәрбиесіне қатысуын арттыру қажеттігін көрсеткен.

Зерттеу нәтижесінде әйелдердің 52,2 пайызы және ерлердің 47,2 пайызы әкенің тәрбиеге жеткіліксіз қатысуын өзекті мәселе деп санайтыны анықталған. Ерлердің 54,9 пайызы үшін баланы материалдық қамтамасыз ету



тәрбиеге қатысудан маңыздырақ болса, 60,4 пайызы бала тәрбиесіне уақыт тапшы екенін айтқан.

Бұл деректер қазіргі қоғамдағы әкелік рөлдің өзгеріп жатқанын көрсетеді. Бұрын отбасының материалдық жағдайын қамтамасыз ету ер адамның басты міндеттерінің бірі ретінде қарастырылса, бүгін әкенің бала тәрбиесіне белсенді араласуы, баламен уақыт өткізуі, оның эмоциялық және тұлғалық дамуына қатысуы да маңызды талапқа айналып отыр.

АТА-АНА ҮЛГІСІ
ҰРПАҚҚА БЕРІЛЕДІ

Отбасылық мінез-құлық пен қарым-қатынас үлгілерінің қалыптасуында адамның өз балалық шағының тәжірибесі айрықша орын алады. Отбасылық және гендерлік саясат саласындағы зерттеулер орталығының сауалнамасында ерлердің 51,9 пайызы, әйелдердің 49,7 пайызы отбасылық өмірде өз ата-анасының үлгісіне сүйенетіні анықталған. Ал сауалнамаға қатысушылардың шамамен үштен бірі өз тәжірибесіне жүгінетінін айтқан.

САБАҚТАСТЫҚ ПА?



“**Сонымен бірге отбасының жастар үшін де маңызы жоғары болып отыр. 2025 жылғы зерттеуде жас респонденттердің 80,1 пайызы отбасын басты өмірлік құндылықтардың бірі деп атаған.**”

НЕКЕГЕ ДЕЙІН
ДАЙЫНДЫҚ ҚАЖЕТ

Жастар және отбасы істері комитетінің төрағасы Қайрат Қамбаров келтірген мәліметтерге сәйкес, Мәдениет және ақпарат министрлігі отбасын қолдауға бағытталған бірқатар шараны іске асырып жатыр. Соның бірі — некеге дейінгі оқыту.

Оқыту Отбасын қолдау орталықтарында некеге тұруды жоспарлаған азаматтарға, өтініш берген жұптарға және некеде тұрғанына бес жылға дейінгі жас отбасыларға арналған. Бағдарлама бес модульді қамтиды. Олар: серіктестік және жауапкершілік, репродуктивтік денсаулық, құқықтық сауаттылық және зорлық-зомбылықтың алдын алу, қаржылық сауаттылық, эмоциялық интеллект және коммуникация.

Мұндай сабақтар жұптарға тұрмыстық міндеттерді, қаржы мәселесін, бала тәрбиесін және басқа да маңызды дүниелерді алдын ала талқылауға мүмкіндік береді. Яғни шаңырақ көтеру тек той жасау немесе заңды түрде некеге тұрумен шектелмей, ортақ өмірге психологиялық, құқықтық және қаржылық тұрғыдан дайындалуды да қажет етеді.

«АТА-АНАЛАР АКАДЕМИЯ-
СЫ» НЕ БЕРЕДІ?

Отбасын қолдауға бағытталған тағы бір жоба «Ата-аналар академиясы» деп аталады. 2025 жылдан бері іске асырылып келе жатқан жоба ата-аналарға бала тәрбиесі мен отбасылық қарым-қатынас мәселелерінде қолдау көрсетеді. Ata-ana.kz платформасында психологтың, заңгердің және дәрігердің тегін кеңестері мен пайдалы материалдар қолжетімді.

Ата-аналар мен педагогтарға 20 әдістемелік материал әзірленіп, мамандардың қатысуымен подкасттар жазылған. Жыл басынан бері 12 500 адам оқудан өтіп, өңірлерде 70-тен астам іс-шара ұйымдастырылған.

Сабақтарда балалардың жас ерекшеліктері, буллинг, интернет қауіпсіздігі, отбасылық жанжалдар және ата-аналық қажудың алдын алу мәселелері нақты жағдайлар арқылы талқыланған.

Бұл бағыттың маңызы зор. Өйткені бала тәрбиесі ата-анадан тек мейірім мен қамқорлықты ғана емес, белгілі бір білім мен дағдыны да талап етеді. Әсіресе цифрлық

орта, ақпараттың көптігі, балалардың психологиялық ерекшеліктері сияқты жаңа факторлар ата-анадан бұрынғыдан да көбірек дайындықты қажет етеді.

ОТБАСЫ ҚОЛДАУСЫЗ
ҚАЛМАУЫ КЕРЕК

Елімізде отбасыларға тікелей көмек көрсететін 160 Отбасыны қолдау орталығы жұмыс істейді. Жыл басынан бері оларға 60 мыңнан астам өтініш түскен. 54 мыңнан астам отбасы консультациялық көмек алған, ал 6 мыңға жуық отбасы ұзақмерзімді сүйемелдеуде.

Бірыңғай қағидалармен жұмыс істейтін орталықтар отбасылық жанжалдарды шешуге, зорлық-зомбылықтың алдын алуға және өмірлік қиын жағдайға тап болған отбасыларды қолдауға қатысады.

Мамандар психологиялық және заңгерлік көмек көрсетіп қана қоймай, әлеуметтік қолдау, жұмыспен қамту, оқу және мемлекеттік қызметтер мәселелері бойынша да жәрдемдеседі. Ұзақмерзімді сүйемелдеуге тиісті ұйымдар тартылып, көмектің нәтижесі қадағаланады. Бұл ретте отбасы туралы мәліметтердің құпиялылығы сақталады.

ДӘСТҮР МЕН
ЖАҢАШЫЛДЫҚТЫҢ
АРАСЫНДАҒЫ ТЕНДІКТІ
САҚТАУ

Бүгінгі отбасының болашағы дәстүр мен жаңашылдықтың арасындағы тепе-теңдікті қаншалықты дұрыс таба алатынымызға байланысты. Дәстүрді сақтау — өткенді сол қалпында қайталау емес, оның мәнін бүгінгі өмірге бейімдеп жеткізу. Жиын барысында Назарбаев университетінің қауымдастырылған профессоры, антрополог Алина Бейсенованың пікірі осы тұрғыда өрбиді.

«Антропология тұрғысынан қарағанда, мыңдаған жыл бойы өзгермей келе жатқан немесе «ежелден қалыптасқан» мәңгілік дәстүрлер болмайды. Кез келген дәстүрдің өзіндік тарихи қалыптасу жолы бар. Ол белгілі бір кезеңдегі әлеуметтік және материалдық жағдайларға бейімделу нәтижесінде пайда болады.

Мәселен, XX ғасырдың басындағы қазақ тойы мен XXI ғасырдың басындағы қазақ тойын салыстыруға келмейді. Ол кезеңдегі тойлар қазіргімен салыстырғанда әлдеқайда қарапайым болды. Ал бүгінде көне салт-жоралғыларға жанаша сипат беру көбіне оларды коммерцияландырумен немесе бұрын отбасы мен туыстар атқаратын рәсімдерді арнайы қызмет көрсетушілерге тапсырумен байланысты болып отыр», — деді ол.

Жиын барысында қазақстандық отбасының даму жолына қатысты басқа да кенеақымды мәселелер қамтылды. Мысалы, ұрпақтар сабақтастығы, отбасылық рөлдердің өзгеруі, мәдени жады мен дәстүрлерді сақтау, сондай-ақ қалыптасқан отбасылық тәжірибелердің қазіргі қоғамдық жағдайларға бейімделуі мәселелеріне назар аударылды. Бұл тарихи тұрғыда қалыптасқан отбасы туралы түсініктердің заманауи әлеуметтік үдерістер ықпалымен қалай өзгеріп жатқанын, сонымен бірге мәдени мұрамен және алдыңғы буындардың құндылықтарымен байланысын қалай сақтап отырғанын кеңірек пайымдауға мүмкіндік берді. Дәуірлер тоғысында тұрған отбасы үшін ең маңызды деген мәселелер сарапқа салынып, талқылаудың өзегіне айналды.

ОТБАСЫ КҮНІ

12 ҚЫРКҮЙЕК 2026 | СЕНБІ

Отбасы – қоғамның ең берік іргетасы. Балаға берілген тәрбие, қалыптасқан мінез бен бойына сіңген құндылықтар оның жеке болашағын ғана емес, тұтас елдің ертеңін айқындайды. Семейдегі Әубәкіровтер отбасының өнегесі осыны айқын көрсетеді.

Отбасы күніне орай «Әділет» партиясы Абай облыстық филиалының басшысы Айдар Ибраев пен партияның Әйелдер қанатының өңірлік кеңесшісі Әйгерім Смағұлова Семей қаласындағы Әубәкіровтер шаңырағына арнайы барып, отбасы мүшелерін мерекемен құттықтады. Әділет, жауапкершілік, еңбекқорлық пен прогресс – қоғам дамуының маңызды қағидаттары. Алайда бұл ұғымдар тек ресми құжаттар мен ұрандарда ғана көрініс таппауы керек. Олар ең алдымен адамның күнделікті өмірінен, отбасындағы қарым-қатынастан, бала тәрбиесінен байқалғанда ғана шынайы мәнге ие болады.

Тұрсын мен Айым Әубәкіровтер үш бала тәрбиелеп отыр. Бұл отбасы үшін бала тәрбиесі – күнделікті өмірдің ажырамас бөлігі. Мұнда білімге ұмтылу, еңбек ету, спортпен және өнермен айналысу қалыпты өмір салтына айналған. Отағасы Тұрсын Әубәкіровтің айтуынша, ата-ана үшін басты міндет – баланың бойына дұрыс құндылықтарды ерте жастан қалыптастыру.

«Жұбайым екеуіміздің басты мақсатымыз – балаларымызды кішкентай кезінен дұрыс тәрбиеге баулу. Өзіміз ата-анамыздан алған тәрбиені олардың бойына сіңіріп, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетуді үйретуге тырысамыз. Сонымен қатар ұлттық құндылықтарымызды дәріптеп, салт-дәстүрімізді біліп, оны құрметтеп өсуіне мән береміз. Балаларымыз білімді,

еңбекқор, отаншыл болып өссе, біз үшін одан асқан бақыт жоқ. Өйткені балаға берілген тәрбие оның ғана емес, тұтас елдің болашағына әсер етеді», – дейді ол.

Бұл сөздердің астарында ата-ананың бала тәрбиесіне деген жауапкершілігі ғана емес, ел болашағына деген азаматтық

БЕРЕКЕЛІ ШАҢҰЫРАҚ – БЕРІК ҚОҒАМ НЕГІЗІ

көзқарасы да жатыр. Он жастағы Мансұр – отбасының мақтанышы. Ол – оқу озаты. Таэквондодан калалық, облыстық, республикалық және халықаралық жарыстардың жеңімпазы. Математика олимпиадаларында да жүлделі орындарға ие болып жүр. Бос уақытында домбыра тартып, футбол және тоғызқұмалакпен айналысады.

Мансұрдың жетістіктерінен баланың жан-жақты дамуына жағдай жасаудың маңызы анық көрінеді. Спорттағы табандылық, білімдегі ізденіс, өнерге деген қызығушылық – оның



бойындағы еңбекқорлық пен мақсаткерлікті қалыптастырып келеді.

Сегіз жастағы Аяла да оқу озаты. Ол би билеуге, ән айтуға және сурет салуға қызығады. Өнерге деген талпынысы оны облыстық және халықаралық би байқауларында жүлдегер атандырған. Ал үш жастағы Аруна – шаңырақтың кенжесі. Оның балалық шағы аға-әпкесінің жетістіктері мен ата-анасының қамқорлығы аясында өтіп жатыр.

Әубәкіровтер үшін отбасылық белсенділік те маңызды. Олар үш жыл қатарынан калалық «Парад колясок» байқауына қатысып, жүлделі орындарға ие болған. Мектептегі отбасылық спартакиадаларға да белсенді қатысып, бірнеше рет жүлдегер атанған.

Мұның бәрі бір қарағанда қарапайым отбасылық жетістіктер болып көрінуі мүмкін. Бірақ олардың ар жағында маңызды бір ұстаным бар. Ол – баланың жетістігін жеке дара қарастырмай, бүкіл отбасының ортақ еңбегінің нәтижесі деп қабылдау.

Шын мәнінде, балаға берілетін ең үлкен тәрбие – ата-ананың үлгі болуы. Бала үлкеннің сөзіне ғана емес, оның ісіне де қарайды. Еңбекке құрмет, білімге қызығушылық, спортпен шұғылдану, ұлттық мәдениетті дәріптеу, қоғамдық ортада белсенді болу – мұның бәрі отбасындағы күнделікті әдет арқылы қалыптасады.

Бұл ретте Әубәкіровтер отбасының өмір салты «Әділет» партиясының негізгі құндылық-

тарымен сабақтасып жатыр. Еңбекқорлық – нәтижеге жеткізетін қасиет болса, жауапкершілік – тұрақты дамудың негізі. Ал прогресс үнемі ізденіп, білім алып, жаңа мүмкіндіктерге ұмтылуды білдіреді.

Білім мен ғылымды дамыту, ұлттық мәдениетті сақтау, жасампаз патриотизмді қалыптастыру – мемлекеттің ұзақ мерзімді дамуы үшін аса маңызды бағыттар. Мұндай құндылықтар қоғамның жоғары деңгейінде ғана емес, әрбір отбасының тәрбиесінен бастау алғанда ғана берік негіз қалыптасады.

Әділетті қоғамды зандар мен институттар ғана жасамайды. Оның негізінде адам капиталы, азаматтық жауапкершілік және отбасылық тәрбие тұр. Үлкенді сыйлау, кішіге қамқор болу, өз еңбегінің нәтижесіне жауап беру, білімге ұмтылу, туған елін құрметтеу секілді қасиеттер бала кезден бойға сіңеді. Сондықтан әділетті қоғам құрудың ең алғашқы қадамы – отбасындағы дұрыс тәрбие.

Әубәкіровтер шаңырағының өнегесі де осы қарапайым ақиқатты көрсетеді. Баланың жетістігі – ата-ананың қолдауы мен баланың еңбегінің нәтижесі. Ал отбасының берекесі ортақ мақсат пен өзара жауапкершіліктен құралады.

Қоғамдағы үлкен өзгерістер де осындай шағын, бірақ маңызды қадамдардан басталады. Бір отбасында қалыптасқан жақсы құндылық екінші отбасына үлгі болады. Сөйтіп, жеке шаңырақтағы тәрбие қоғамдық мәдениеттің бір бөлігіне айналады.

Әділетті қоғамның іргесі жоғарыдан емес, әр отбасының төрінен қаланады. Білімді ұрпақ, еңбекқор азамат, отаншыл жас тәрбиелеген әр шаңырақ – ел болашағына қосылған үлес. Демек, әділеттің бастауы да, елдің ертеңіне деген жауапкершіліктің бастауы да – отбасында.

Эльмира ЖҰРСІНБЕКҚЫЗЫ,
Абай облысы



ДАУА

12 ҚЫРКҮЙЕК 2026 | СЕНБІ

Адам денсаулығы мен өмірін сақтаудың ең тиімді жолы – ауруды асқынған кезде емдеу емес, оның алдын ала пайда болуын анықтап, қауіпті болдырмай, бақылауда ұстау. Бүгінде әлемдік медицинада да профилактикалық бағыттың маңызы жыл өткен сайын артып келеді. Ал елімізде осы мәселені алғашқылардың бірі болып зерттеген, профилактикалық медицинаның ғылыми негіздерін қалыптастырған ғалым академик Ерболат Дәленов еді. Биыл ғалымның туғанына 80 жыл толуына орай өзі оқыған оқу орны – Астана медицина университеті бірқатар маңызды істі қолға алған екен.

А Айсұлу СЪЕЗХАН

Ғалымның мерейтойы қарсаңында елордада екі күнге жалғасқан «Профилактикалық медицина – сапалы және салауатты ұзақ өмір сүрудің векторы» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция өтті. Іс-шараға отандық медициналық оқу орындары мен ғылыми институт қызметкерлерінен бөлек, Америка, Ресей, Қырғызстаннан ғалымдар қатысты, оның ішінде Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының Климат және денсаулық сақтау мәселелері жөніндегі арнайы өкілі Робб Батлер де бар.

Конференцияның бағыты да академик Ерболат Дәленовтің ғылыми мұрасымен сабақтас. Іс-шараны Астана медицина университеті мен оқу орны базасындағы Е.Дәленов атындағы Профилактикалық медицина ғылыми-зерттеу институты ұйымдастырған екен. Ғалым көзі тірі кезінде өз бастамасымен профилактикалық медициналық институттың негізін қалаған еді, ал бүгінде ол қалыптастырған мектеп ұстаз ұстанымын басты назарға алып келеді. Конференцияның алғашқы күнінде Астана медицина университетінің оқытушыларына арналған «Заманауи нутрициология: микробиота, тағам өнімдерінің сапасы және биологиялық белсенді қоспаларды ұтымды таңдау», «Білім беру мен ғылымдағы жасанды интеллект: промптан ғылыми мақалаға дейін» тақырыбында шеберлік сабақтары да өтті. Ал екінші күні ғылым саласының мамандары профилактикалық медицинаның дамуындағы сын-қатерлер мен мүмкіндіктер, саланың заманауи тәсілдері мен салауатты ұзақ ғұмыр үшін қауіп факторларын басқару бағыты бойынша ойын ортаға салып, баяндамалар оқыды, медицина сарапшылары талқылаулар өткізді.

Ал Е.Дәленов атындағы Профилактикалық медицина ғылыми-зерттеу институтының жетекші ғылыми қызметкері, нутрициолог Жанна Нұрберген профилактикалық медицинаны қолдау енді қолға алына бастағанын жеткізді.

— Конференцияда профилактикалық медицина, ұзақ

өмір сүрудің негізгі қағидалары, аурулардың профилактикасы жөнінде толықтай қамтылды. Ұстазымыз Ерболат Дәленов еліміздегі, әсіресе солтүстігі мен орталық өңірлердегі профилактикалық медицинаның дамуына үлкен үлес қосты. Өкі-

ПРОФИЛАКТИКАЛЫҚ МЕДИЦИНАНЫҢ МАҢЫЗЫ АРТТЫ

ніштісі, «Жалғыздың үні шықпас» демекші, ол кезде бұл бағытты жалғыз өзі күресе еңбек етті. Қазір біртіндеп бұл сала жанданып келеді, — дейді Жанна ханым.

Сонымен қатар тағы бір қуанышты жаңалықтың бірі, биылдан бастап Астана медицина университеті профилактикалық медицина дәрігерлерін жеке мамандық ретінде оқытып жатыр.

— Биыл институтымыздың ең бір маңызды атқарған жұмысының бірі, профилактикалық медицина бағытында дәрігерлерді дайындап шығарамыз. Енді өз алдына бөлек мамандық ретінде оқуға мүмкіндік бар. Бұрын бұл салаға көп мән берілмеген еді. Сонымен қатар қазір ғылыми жұмыстармен қатар, Астана қаласының Денсаулық сақтау басқармасымен бірлесе салауатты өмір салтын насихаттау жұмысын да жүргізіп жатырмыз, — дейді Ж.Нұрберген.

Бұдан бөлек, конференция аясында институт ғалымдары мен ғылыми қызметкерлердің дайындаған өнімдері қонақтарға арналған көрмеде ұсынылды. Институттың мамандары әр жылдары «Лактобапол», «Бапол-М», «MilkyBoom-плюс», Bee fito oil, Bee fly drink сынды тағамдық өнімдер мен емдік заттарды дайындап шығарған екен. Әрине, бұл да ауыз толтырып айтарлық ғылыми жетістіктің бірі, алайда қазір бұл өнімдер сатылымда жоқ. Астана медицина университетінде 27 жыл еңбек еткен аға оқытушы, нутрициолог Бағай Назарбай-



Профилактикалық медицина – денсаулыққа әсер ететін қауіп факторларын ерте анықтау және адамның өз денсаулығына жауапкершілігін арттыру.

ұлымен осы жөнінде тілдескен едік.

— Сергіткіш сусын мен арнайы емдік жақпамайдың авторымын, бұл өнімдер ара өнімдері арқылы жасалады. Авторлық сусынымның құрамында бал, зімбір, прополис, табиғи шөптер бар. Негізгі мақсатым дүкен сөрелеріндегі энергетикалық сусындардың орнын осы өніммен алмастырып, жастардың денсаулығына зиянсыз өнім ұсыну еді. Дәстүрлі медицина маманы болғандықтан, бұл өнім толықтай клиникалық және зертханалық зерттеуден өткізіп, патентін де

алдық, — дейді ғылыми қызметкер.

Оның айтуынша, оқу орнының жеке өндірістік базасы болмағандықтан, дайындаған өнімдер халыққа қолжетімсіз болып отыр. Ал бұл еңбек күші мен үлкен қаржыны талап етеді. Маман мемлекет тарапынан жобалар, байқаулардың саны артса, ғылыми жұмыстың да сапасы тереңдей түсер еді деген ойда. Қазір жас ғалымдар мен ғылыми мамандар дайындап шығарған өнімдер еліміздің ғылыми техникалық қорына тіркелген және ғылыми конференциялар мен жиындарда

үнемі көрмелерде ұсынылып келеді.

Конференция барысында оқу орнының басшысы Анар Ақылбекқызы алда профилактикалық медицина бұдан әрі дами түсетінін, елімізде де бұл салаға ерекше көңіл бөлінетінін айтты. Қазір профилактикалық медицинаға көңіл бөлу әлемдік тенденцияға айналып отыр, сонымен қатар онкологиялық аурулар, жүрек, қантамыр жүйесі ауруларының саны артқан сайын профилактиканың да маңызы еселене береді.

Конференция аясында профилактикалық медицинаның кенеуіне бағытта дамып келе жатқанын түсінесің. Аурулардың қауіп факторларын анықтау, денсаулық деңгейін бағалау, биологиялық жасты бағалау, дұрыс тамақтану бойынша ұсыныстар әзірлеу сияқты жұмыстар да қарастырылған. Сонымен бірге созылмалы жұқпалы емес аурулардың алдын алу, халықтың тамақтану жағдайын бағалау және салауатты өмір салтын қалыптастыруға бағытталған ғылыми жұмыстар назарға алынды.

Профилактикалық медицина — денсаулыққа әсер ететін қауіп факторларын ерте анықтау және адамның өз денсаулығына жауапкершілігін арттыру. Дұрыс тамақтану, дене белсенділігі, зиянды әдеттерден бас тарту, профилактикалық тексерулерден уақытылы өту сияқты қарапайым дағдылардың өзі көптеген аурудың қауіпін төмендетуге мүмкіндік береді. Бүгінде медицина технологиясы дамып, диагностиканың жаңа мүмкіндіктері пайда болғанымен, бір қағида өз маңызын жоғалтпасы анық. Ауруды емдегеннен гөрі оның алдын алған тиімді. Сондықтан профилактикалық медицинаға көңіл бөлу тек медициналық ұйымдардың міндеті емес. Ол адамның күнделікті өмір салтына, қоршаған орта-сына, дұрыс тамақтану және денсаулық туралы сауаттылығына да тікелей байланысты болмақ.

ШОПАНДАР ШЫРҒАЛАҢЫ

Күз келді дегенше артынан қылышын сүйретіп қыс та қаһарына мінеді. Қара жерді тоң басып, соққан суық жел адамдармен қоса төрт түлікті де бүрсең күйге түсіреді. «Балапанды күзде санайды» деген қағидамен осы кезеңде шаруа қожалықтары да төрт түлігін түгендей бастайды. Алайда елімізде мал санының статистикасы болғанымен, оның қамын жасайтын шопандардың санағы жүргізілмейді.



Саятхан САТЫЛҒАН,
Жамбыл облысы

Бұлай деуімізге тамыз айында әлеуметтік желіде тараған видео себеп болып тұр. Бейнежазбада өзін Жетісу өңірінің тұрғыны ретінде таныстырған жігіт Жамбыл облысында құлдықта мал бағып жүргенін баяндайды. Ол қазір Қордай ауданы Отар ауылында екенін айтып, көпшіліктен көмек сұрайды. Оның сөзіне сенсек, шаруа қожалығының иесі оны құлша жұмсап, тіпті өлген малды соның мойнына іліп қоятын көрінеді.

Аталған шулы видео тарағаннан кейін тәртіп сақшылары

шопанды Шу ауданы Шоқпар ауылынан тапты. Анықталғаны, малшы Самат Әжібаев 2026 жылдың 10 сәуірінен бастап «Кирилл» шаруа қожалығына малшы болып жұмысқа тұрған екен. Алайда оны күштеп ешкім жұмысқа жекпеген. Шопан жалақысын ала алмағаннан кейін видео таратыпты. Құлдықта ұстау фактісі дәлелін таппағанымен, шопанға шын мәнінде жалақысы уақытылы төленбепті. Облыстық прокуратураның дерегіне сүйенсек, жалақысы берілмегіні былай тұрсын, қожалық иесі шопанға жұдырық алып жүрген кездері де болған. Бірақ малшы құқық қорғау органдарына ешқандай шағым түсірмеген.

Ұрып-соғу дерегі бойынша ешқандай қылмыстық іс қозғалмағанымен, прокуратура қызметкерлері араласқаннан кейін шопанға толық жалақысы төленіп, ол жақындарының қасынан табылды. Міне, осы бір оқиғаның өзі терең ойға қалдырады. Егер шопан бейнежазба арқылы көмек сұрамағанда оның жалақысы төленер ме еді? Өңірде Саматтай қысастық көріп жүрген қанша малшы бар? Бұны зерделеп, көмек қолын созайын деп жүрген ешкім жоқ. Бір сөзбен айтқанда, шопандар шырылдамаса, олардың жағдайына ешкім көңіл бөлейін демейді.

Жамбыл облысында шопандардың жоғалып кету фактілері

де жиі болады. Мәселен, Т.Рысқұлов ауданы Қаракыстақ ауылында наурыз айында шопан ең далада жоғалып кетіп, оны іздеген құтқарушылар үш күн сабылды.

Ал мамыр айында Тәтті ауылында малшыны бес күн іздеп, ұшқышсыз ұшу аппаратының көмегімен өрен тапты. Көп жағдайда шопандар сайын далада адасып кетіп, үйге кері жол таппай қалып жатады. Немесе қожайыннан қысым көргеннен кейін бет алған бағытқа қашады. Жоғарыда айтылған екі деректе де шопандармен байланысқа шығу үшін олардың қалтасында қарапайым телефон болмаған. Малшылардың сөзіне сүйенсек, қожалық иелері олардың телефондары мен құжаттарын алып қоятын көрінеді. Бұл енді құлдық болмағанда немене?!

Жамбыл облысында бұгінде 19 мың шаруа қожалығы тіркелсе, соның 5 мыңы мал шаруашылығымен айналысады. Алайда осы қожалықтарда қанша малшы жұмыс істеп жатқаны туралы ақпар жоқ. Облыс әкімдігі өңір бойынша 159 мал шаруашылығы саласының маманы жұмыссыз ретінде тіркелгені туралы ғана дерек берген. Алайда бұл жұмыссыздық бойынша тіркелген статистика ғана, ал шын мәнінде қанша шопан қожалықтарда еңбек етіп жатқаны туралы ешқандай мәлімет таппадық. Осы таңға дейін жаз жайлауда, қыс қыстауда қанша малшы тұрып жатқаны туралы бірде-бір санақ жүргізілмегені таңғалдырады. Яғни олар қандай жағдайда жұмыс істеп жатыр, ұрып-соғуға ұшырып жатқан жоқ па, ол жа-

ғына ешкім бас қатырып жатқан жоқ деген сөз. Ал сол жайлау мен қыстауда шопандардың балашағасымен бірге тұрып жатқандары да аз емес. Сонда олардың ең болмаса балалары қайда және қандай білім алып жатыр деген мәселеге жауапты мекеменің ешқайсысы мән беріп жатпағаны ғой?..

Жамбыл облысы әкімдігі берген ақпаратқа сүйенсек, биыл прокуратура, еңбек инспекциясы және «Жандану» қоғамдық бірлестігі бірігіп, 10 аудандағы 30 шаруа қожалықтағы малшылардың жағдайын зерделеп шыққан екен. Әрине бұл құп көретін бастама. Алайда облыста 5000 қожалық мал шаруашылығымен айналысып отырғанын ескерсек, 30 шаруашылықты тексеру теңізге тамған тамшыдай ғана дүние.

Облыстық прокуратура берген тағы бір мәліметте 2023 жылы екі өзбек азаматын күштеп жұмысқа шегу дерегі болған екен. Алайда сот қожалық иесіне 80 сағат қоғамдық жұмысқа тарту туралы жеңіл жаза шығарған. Демек, облыста күштеп ұстау, құлдыққа салу сынды деректер шаруа қожалықтарында болып жатыр деген сөз ғой. Ал мұндай жағдайдың алдын алу үшін төрт түлікті түгендегендей малшылардың да санағын жүргізіп, оларды ортақ бір базаға тіркеу керек. Сондай-ақ шопандарға еңбек инспекциясы мамандары құқықтарын түсіндіріп, қиын жағдайға тап болған кезде қайда жүгіну қажеттігі туралы жол сілтегендері абзал. Әйтпесе, күні ертен малшыларға қатысты бір қайғылы оқиға болып, бармақ тістеп, күллі елге маскара болуымыз әбден мүмкін. Осыны жауапты сала мамандары санаға салады деп сенеміз.

МАЛ ОБАСЫНА ҚАРСЫ ЖҰМЫСТАР ТАЛҚЫЛАНДЫ

Сәкен Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университетінде Орталық Азиядағы ұсақ күйіс қайыратын жануарлар обасына қарсы іс-қимыл жөніндегі өңірлік стратегияны валидациялау және эписистемалар бойынша өңірлік семинар өтті.

Үшкүндік іс-шара Seifullin University агротехнопаркінің Ситуациялық орталығында өткізілді. Семинарға БҰҰ Азық-түлік және ауыл шаруашылығы ұйымының (ФАО), Азық-түлік Қауіпсіздігі жөніндегі Ислам ұйымының (АКИҰ) өкілдері, халықаралық сарапшылар, мемлекеттік және ветеринариялық қызметтер мен бейінді ұйымдардың мамандары қатысты.

Іс-шараның ашылуында университет атынан Басқарма мүшесі — зерттеу қызметі жөніндегі проректор Сәрсенбай Абдрахманов сөз сөйлеп, ұсақ күйіс қайыратын жануарлар обасының ветеринария саласымен ғана шектелмейтін атап өтті. Оның айтуынша, бұл

ауру мал шаруашылығының тұрақты дамуына тікелей әсер ететін маңызды қауіптердің бірі.

Шара барысында Азық-түлік қауіпсіздігі жөніндегі Ислам ұйымы аппаратының басшысы Азамат Бердібай қатысушыларға алғысөзін арнап, ветеринариялық және азық-түлік қауіпсіздігін нығайту жолында елдер мен халықаралық ұйымдардың күш-жігерін біріктірудің маңыздылығына тоқталды.

Сондай-ақ ФАО-ның Қазақстандағы бағдарламалар үйлестірушісі Жаңыл Бозаева өңірлік өзара іс-қимыл мен ҰКЖО-ның таралуының алдын алуға және оны кезең-кезеңімен жоюға бағытталған бірлескен жұмыстың

ойдағыдай атқарылып жатқанын жеткізді.

Семинардың негізгі мақсаты — эписистемалық тәсілді тәжірибеде қолдану және Орталық Азиядағы ҰКЖО-ны жою жөніндегі Өңірлік стратегияны техникалық тұрғыда валидациялау. Негізгі назар өзара байланысты эписистемаларды айқындауға, эпидемиологиялық қадағалау мен зертханалық диагностиканы жетілдіруге, вакцинация, деректер алмасу, трансшекаралық үйлестіру және бірлескен жоспарлау мәселелеріне аударылады.

Үш күн бойы халықаралық сарапшылар, ФАО, АКИҰ және мемлекеттік органдардың өкілдері агротехнопарк базасында жұмыс атқарды. Бағдарлама аясында елдік таныстырылымдар, сараптамалық сессиялар және жұмыс топтарының кездесулері өткізілді. Қатысушылар өңірдегі эпидемиологиялық ахуалды, ауыл шаруашылығы жануарларының қозғалысы мен жабайы фаунаының ауру таралуындағы рөлін, сондай-ақ



эпидемиологиялық қадағалау мен диагностика мәселелерін жан-жақты талқылады.

Жеке жұмыс блогы ҰКЖО жөніндегі Өңірлік стратегия жобасын валидациялауға арналады. Сарапшылар Жол картасын, басым эписистемаларды, вакцинация тетіктерін және трансшекаралық өзара іс-қимылды қарастырып, болашақ өңірлік жобаның негізгі бағыттарын айқындайды.

Семинардың қорытынды күні стратегиядан нақты іс-қимылдарға көшу мәселелеріне арналды. Қатысушылар ұлттық және өңір-

лік деңгейдегі келесі қадамдарды, әріптестік мүмкіндіктерін және одан әрі үйлестіру тетіктерін талқылап ортақ тұжырымға келді.

КАТЗУ алаңында өткізілген бұл семинар ветеринариялық қауіпсіздік саласындағы халықаралық сараптамалық диалогты нығайтуға, Орталық Азиядағы мал шаруашылығын қорғау мен аграрлық сектордың тұрақты дамуына бағытталған ортақ шешімдерді қалыптастыруға мүмкіндік беретін болады.

Ардак СҰЛТАН

ҰЛТ МҰРАСЫ

12 ҚЫРКҮЙЕК 2026 | СЕНБІ



Қазақтың сайын даласында тазы саятшылық өнердің серігі, аңшылық мәдениеттің ажырамас бөлігі саналады. Ата-бабамыздан жеткен ұғымда оны жеті қазынаның біріне балап, халқымыздың тұрмыс-тіршілігімен біте қайнасқан ұлттық мұра ретінде қастерлейді. Ежелден желмен жарысып, түз тағысымен тайталасқан тазының жүйріктігі талай ұрпақтың жадында сақталып, атадан балаға мұра болып, жалғасып келеді.

Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ,
Қызылорда облысы

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев бүгінде қазақы тазы тұқымын сақтау, оның санын көбейту және ұлттық мұрамызды халықаралық деңгейде кеңінен таныту мәселесіне айрықша мән береді. Бұл бағыттағы жұмыстар халқымыздың ғасырлар бойы қалыптасқан саятшылық дәстүрін жаңғыртып қана қоймай, қазақы тазының тарихи-мәдени құндылығын жаңа деңгейде дәріптеуге мүмкіндік беріп отыр.

ӘУЛЕТТІҢ ӘУЕСТІГІ

Таң сібірлеп, Сыр бойының самалы есіп тұрған шақта Мейрамбек Ұлтанбекұлы жеті тазысын кезек-кезек қарап шығады. Әрқайсының бабын, жүрісін, мінезін жақсы білетін ол жүйріктерінің күтіміне ерекше мән береді. Біріне жемін беріп, бірін жүгіртіп, енді бірінің бабын байқап, әдеттегі тіршілігін жалғастырады. Бұл көрініс Қызылорда облысына қарасты Сырдария ауданының орталығы Тереңөзек кентінің тұрғыны үшін күнделікті өмірдің бір бөлшегіне айналған.

Мейрамбектің тазы баптап, асырап жүргеніне 30 жылдан астам уақыт болған. Осы уақыт ішінде ол қазақы тазының табиғатын танып, күтімін жасап, бабын келтіріп, жүйрігін жарата білетін тәжірибелі бапкерге айналды.

Мейрамбек Ұлтанбекұлы үшін тазы өсіру жай ғана әуестік емес, бала күнінен бойына сіңген ата дәстүрі ретінде қалыптасқан. Әкесі өмір бойы жылқы бағыпты.

ТАЗЫ- ТҰҚЫМ ЕМЕС, ТАҒЫЛЫМ

Ал ағасы Берік мектеп қабырғасында жүрген кезінен құмай тазы ұстап, аңшылыққа қызығушылығын байкатады. Сол кезеңде бала Мейрамбек осы ағасының қасынан жиі табылып, тазының бабын жасауды, аңға салуды ерте кезден үйреніпті. Бүгінде ол Сыр бойындағы саятшының бірі ретінде ұлттық құндылықты кейінгі ұрпаққа жеткізуді мақсат етіп келеді.

«Әкеміз марқұм өмір бойы мал бакты, жылқышы болды. Соның бір жағында жүрдік. Менің алдымда Берік деген тетелес ағам бар. Сол ағамның мектеп кезінен тазы ұстап, оны баптауға зор қызығушылығы болды. Мен де сол



кісінің қасында жүріп, екеулеп құмай тазыны баптадық. Әрдайым жайлауға итімізді ертіп барамыз. Сол жерде әрі малымызды түгендейміз, әрі аңшылыққа шығамыз. Яғни бір окпен екі қоян атамыз. Балалық шақтың мұндай талай қызықты сәті әлі күнге дейін көз алдымда тұр», — дейді Мейрамбек Ұлтанбекұлы.

Осылайша, табиғатпен етене өскен бала үшін бұл тіршілік бірте-бірте өмір салтына айналыпты.

ТАНУДЫҢ ДА СЫРЫ БАР

Мейрамбек әскерден келген соң білім алып, көп жыл ішкі істер органдарында қажырлы еңбек етіп, 2009 жылы құрметті зейнетке шығады. Бірақ

осы уақыт аралығында бала күнгі қызығушылығы оны тазыдан бір сәтке алыстатқан жоқ. Керісінше, 2016 жылдан бастап тазы өсіруді бірінші қолға алыпты. Бұл шешімнің астарында жеке қызығушылықтан гөрі ұлттық құндылығымызды жаңғыртуға деген үлкен арман-мақсат жатқанын іштей түйсінеді.

Алғашқы жылдары ол 10-12 шақты тазы ұстап, оларды баптап, аңға салып жүреді. Ең бастысы, бұл өнерді өзінен кейінгі ұрпаққа үйретуге баса мән берді. Қазір оның Марат және Мейірман есімді екі ұлы да әкесінің қасынан табылып, тазы өсірудің

жасаған адам үшін оның әрбір қылығы таныс. Қайсысының мінезі кандай, қайсысы аңға қалай түседі, кандай күтімді қажет етеді — мұның бәрі күнделікті тәжірибемен қалыптасқан ұғым деп түсіндірді.

БАПТАУ ДА ЕҢБЕК

Оның айтуынша, тазыны жүйрік ету үшін тек аңға салу жеткіліксіз деп есептейді. Яғни оған күнделікті үлкен күтім қажет. Бұл ретте Мейрамбек пен ұлдары

«2024 жылы Жезқазған трассасы бойында 16-17 тазы өсіруші бас қосып, тазыларымызды сыннан өткіздік. Мұндай кездесулердің негізгі мәні бәсекеден бұрын тәжірибе алмасу деп есептеймін. Осы сәттен бастап Сыр бойында құмай тазыға қызығушылық танытушылардың қарасы аз емес екенін байқадым. Әлі күнге дейін ара-тұра бас қосып, бір-бірімізбен тәжірибе алмасып, ақыл-кеңесімізді беріп тұрамыз. Негізі, аңшылыққа аттанудың өзі қазақ үшін ежелден қалыптасқан салт-дәстүрдің бір бөлігі ғой. Сондықтан тазыны ертіп түзге шыққан азаматтар «Қанжығамыз майлансын, қазан аузы жоғары» деп ырымдаймыз. Бұл — аңшылықтың өзінен бұрын оған деген құрметтің, табиғатпен үндестіктің белгісі деп есептеймін», — дейді Мейрамбек.

Бүгінде Мейрамбек Ұлтанбекұлы тазы өсірумен қатар атадан балаға мирас болып жеткен осы

құндылықты келешек ұрпақтың жадында жаңғыртуды басты парызы санайды. Сондықтан ол қос ұлын да бала күнінен тазының бабын жасауға, оны күтіп-баптауға, аңшылық мәдениеттің қыр-сырын тануға баулып келеді. Яғни бір кездері өзі ағасы Берікке еріп, тазы баптаудың алғашқы әліппесін үйренсе, бүгінде сол тәжірибесімен балаларын баулып отыр. Осылайша, бір әулеттегі қызығушылық ұрпақтар сабақтастығына ұласып келеді. Мейрамбектің пайымынша, ұлттық мұраның өміршеңдігі де осындай сабақтастыққа байланысты болса керек.

Президент тарапынан қазақы тазы тұқымын сақтау, көбейту және ұлттық мұра ретінде дәріптеуге көрсетіліп отырған қолдау тазы өсірушілерге жаңа серпін беріп отырғанын жеткізді. Әсіресе мұны атакәсіпті жаңғыртып, оның аясын кеңейтуге берілген зор мүмкіндік ретінде қарастырады.

Дегенмен ұлттық тұқымды сақтаумен қатар, оны күнделікті тіршілігіне айналдырған азаматтардың нақты мәселелері де назардан тыс қалмауы қажет деген пікірін жеткізді. Оның ішінде тазы өсірушілердің құжаттандыру мәселесін жеңілдету, тұқым тазалығын сақтау, ветеринариялық қызметтің қолжетімділігін арттыру маңызды деп санайды. Сонымен қатар тазы баптаудың ғасырлар бойы жинақталған тәжірибесін жүйелеп, оны жас ұрпаққа кеңінен насихаттаудың да маңызы зор екенін алға тартады.

Биыл елімізде тұңғыш рет Қазақ тазысы мен төбеті күнінің аталып өтуін де ол ұлттық мұраға деген құрметтің арта түскенінің белгісі деп бағалайды. Осы арқылы дала мәдениетін дәріптеп, саятшылық дәстүрді жаңғыртуға және атадан балаға жалғасқан тәрбиені қайта қалыптастыруға жол ашады деген пікірде. Кейіпкеріміздің басты арманы — әулетінің тазыға деген қызығушылығын ғана сақтап қана қоймай, бұл дәстүрдің Сыр бойында кеңінен қанат жайып, ұлттық мәдениеттің ажырамас бөлігіне айналуын мақсат тұтады.

Мейрамбектің тазы баптап, асырап жүргеніне 30 жылдан астам уақыт болған. Осы уақыт ішінде ол қазақы тазының табиғатын танып, күтімін жасап, бабын келтіріп, жүйрігін жарата білетін тәжірибелі бапкерге айналды.

кешкілік тазыларына екі-үш сағат уақыт бөледі. Иттерін шомылдырады, жүгіртеді, әркез жағдайын бақылайды.

Ең бастысы, шілде айында Ерекше күтім қажет екенін алға тартады. Әсіресе бұл кезеңде қатты жүгіртпей, денсаулығына баса мән беру керек екенін жеткізді. Оның айтуынша, жаздың аптап ыстығында ұзақ жүгіртуге болмайды. Бұл иттің өкпесіне үлкен салмақ салады. Сондықтан негізгі жаттығу мен аңшылық маусымы қыркүйектен кейін басталады.

Бір қарағанда, бұл қарапайым ғана күтім тәртібі секілді. Алайда саятшының тәжірибесінде әр маусымның, әр кезеңнің өз есебі бар. Иттің бабын бұзбау, денсаулығын сақтау, күшін дұрыс пайдалану тазы өсіру мәдениетінің құрамдас бөлігі деп түсіндірді.

Қазір Қызылорда облысында Аралдан Жанақорған ауданына дейін тазы өсіруге ден қойған азаматтар қарасы аз емес. Олар әрдайым бір-бірімен тәжірибе алмасып, иттерін сынап, аңшылыққа бірге шығатын орта қалыптастырыпты.

АЙҚЫНДАМА

12 ҚЫРКҮЙЕК 2026 | СЕНБІ

ЗАҢДЫ БІЛГЕН АДАМ
ТӘРТІПТІ САҚТАЙДЫ

Қарағандыда кәмелетке толмағандардың құқықтық жауапкершілігі бойынша «Заң мен тәртіп» қағидаты аясында Қарағанды көлік-технологиялық колледжінде кәмелетке толмағандардың құқықтық жауапкершілігіне қатысты интерактивті оқыту-ойын сессиясы өтті.



Іс-шараның негізгі мақсаты — жастардың құқықтық сауаттылығын арттыру, құқықбұзушылықтардың алдын алу және заң талаптарын сақтауға жауапкершілікпен қарауды қалыптастыру.

Қарағанды қаласы Қазыбек би атындағы аудан прокуратурасы бөлімінің прокуроры Гүлсара Серікқызы Керімжанова сөз сөйлеп, кәмелетке толмағандардың құқықтық жауапкершілігі, құқықбұзушылық жасаудың салдары және заң талаптарын сақтаудың маңыздылығы туралы түсіндірді.

— Жастардың тек өз құқықтарын ғана емес, сонымен қатар құқықбұзушылық жасағаны үшін жауапкершіліктерін де білуі маңызды. Заңды білмеу акталу емес. Прокуратура заң бұзушылықтың алдын алып, жастардың өз әрекеттеріне жауапкершілікпен қарауын қалыптастыруы керек. Заңды білген әр адам тәртіпті сақтайды, — деді Гүлсара Керімжанова.

Сондай-ақ жастар алдында Қарағанды облысы Әділет департаментінің Қарағанды қаласы бойынша мәжбүрлеп орындату бөлімінің басшысы Гүлфайруз Ғайнуллақызы Саттықбаева кәмелетке толмағандардың құқықтары мен міндеттері, құқыққа қайшы әрекеттердің құқықтық салдары және өз іс-әрекеттеріне жауапкершілікпен қараудың маңыздылығы туралы айтып берді.

— Жастар кез келген заңсыз әрекеттің белгілі бір салдары болатынын білуі керек. Кейде достарының немесе бір сәттік импульстің әсерінен ойланбай жасалған әрекет адамның болашағына әсер етуі мүмкін. Сондықтан заң талаптарын түсіну маңызды, — деді ол.

Қарағанды білім беру мекемелері жастармен үнемі профилактикалық кездесулер өткізеді, онда құқық қорғау және реттеуші органдардың өкілдері «Құқықтық тәртіп» қағидатын түсіндіреді және оларға заңсыз мінез-құлықтың жауапкершіліктері мен тәуекелдері туралы ескертеді.

Талқылау тақырыптарының бірі есірткіге тәуелділік пен жаман әдеттердің алдын алу болды.

Прокуратура мен полиция өкілдері студенттерге есірткіні қолданудың, есірткінің заңсыз айналымының және кәмелетке толмағандарды заңсыз әрекеттерге тартудың салдары туралы айтып берді.

Қарағанды облысы ПД Есірткі қылмыстарына қарсы іс-қимыл басқармасының аға жедел уәкілі, полиция подполковнигі Мұстафаев Бахытжан Қожахметұлы кәмелетке толмағандар арасындағы құқықбұзушылықтардың алдын алу, құқыққа қайшы мінез-құлықтың салдары және жастардың құқықбұзушылыққа тартылуының алдын алу шаралары туралы ақпарат берді.

— Жасөспірімдердің қылмыстық әрекеттерге қатысуы, көбінесе тыйым салынған затты қолданып көру немесе «жеңіл» ақша табуды іздеуден басталады. Біздің мақсатымыз — жасөспірімдерге мұндай әрекеттердің ауыр зардабы бар екенін жеткізу, — деп атап өтті Бақытжан Мұстафаев.

Ол кәмелетке толмағандар арасындағы құқықбұзушылықтардың алдын алу, құқыққа қайшы мінез-құлықтың салдары және жастардың құқықбұзушылыққа тартылуының алдын алу шаралары туралы ақпарат берді.

Сессия барысында қатысушылар өздерін қызықтырған сұрақтарын қойып, өз пікірлерін білдіріп, құқықтық жауапкершілікке қатысты өмірлік жағдайларды талқылауға мүмкіндік алды.

Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ,
Қарағанды облысы

Қазақстан Республикасы, Ақмола облысы, Көкшетау қаласы, Темірбеков көшесі, 54 мекенжайында орналасқан «Көкшетау» мемлекеттік ұлттық табиғи паркі республикалық мемлекеттік мекемесі туристік және рекреациялық қызметті дамыту мақсатында құрылыс объектілеріне арналған жер учаскелерін ұзақмерзімді пайдалануға беру бойынша тендерлер өткізілетінін хабарлайды.

Солтүстік Қазақстан облысының Айыртау ауданындағы учаскелер, оның ішінде:

№11 лот — «Эко-қонақүй №4» құрылыс объектісі, учаскенің ауданы — 10,5 га, орналасқан жері — «Қарауылтөбе» орманшылығы, 53-орам, 12, 18, 48, 49-телімдер.

№15 лот — «Эко-қонақүй №5» құрылыс объектісі, учаскенің ауданы — 14,3 га, орналасқан жері — «Қарауылтөбе» орманшылығы, 10-орам, 7, 8, 9, 13, 14, 15, 16, 17, 19-телімдер.

№30 лот — «Эко-қонақүй №4» құрылыс объектісі, учаскенің ауданы — 0,5 га, орналасқан жері — Ақан сері атындағы орманшылық, 45-орам, 25, 63, 66-телімдер.

№34 лот — байланыс, интернет жабдықтарын орналастыруға және сервистік қызмет көрсетуді қамтамасыз етуге арналған үйі бар «Автоматты телефон станциясы №2» құрылыс объектісі, учаскенің ауданы — 0,15 га, орналасқан жері — Шалкар орманшылығы, 3-орам, 8, 16-телімдер.

№35 лот — «Автокараванинг №1» құрылыс объектісі, учаскенің ауданы — 2,0 га, орналасқан жері — Шалкар орманшылығы, 2-орам, 3, 4, 5, 9-телімдер.

№48 лот — «Эко-қонақүй №6» құрылыс объектісі, учаскенің ауданы — 4,25 га, орналасқан жері — Ақан сері атындағы орманшылық, 45-орам, 22, 23, 52, 63, 66-бөлімдер, 46-орам, 2, 86-телімдер.

№50 лот — «Эко-қонақүй №7» құрылыс объектісі, учаскенің ауданы — 16,0 га, орналасқан жері — «Қарауылтөбе» орманшылығы, 10-орам, 7, 8, 9, 13, 14, 16, 17-телімдер.

№53 лот — «Туристік кешен» құрылыс объектісі, учаскенің ауданы — 5,0 га, орналасқан жері — Ақан сері атындағы орманшылық, 45-орам, 27, 36-телімдер.

Ақмола облысының Зеренді ауданындағы учаскелер, оның ішінде:

№18 лот — «Эко-қонақүй №1» құрылыс объектісі, учаскенің ауданы — 113,3 га, орналасқан жері — Зеренді орманшылығы, 43-орам, 1-24, 26-34 телімдер, 267-орам, 13, 43-телімдер.

№33 лот — «Глэмпинг №1» құрылыс объектісі, учаскенің ауданы — 6,3 га, орналасқан жері — Зеренді орманшылығы, 267-орам, 23, 24, 25, 26, 30, 31, 40-телімдер.

№49 лот — «Эко-қонақүй №2» құрылыс объектісі, учаскенің ауданы — 2,7 га, орналасқан жері — Зеренді орманшылығы, 87-орам, 1, 2, 3, 4, 6, 9, 16-телімдер.

Өтінімдер Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 2022 жылғы 5 наурыздағы №73 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік ұлттық табиғи парктерде туристік және рекреациялық қызметті жүзеге асыру қағидаларының 23-тармағына сәйкес келуге тиіс.

Көрсетілген лоттар бойынша тендерлік құжаттамалар «Көкшетау» МҰТП» РММ-нің ресми интернет-ресурсында gnppkokshetau.kz орналастырылған.

Тендерлік өтінімдер тендерді ұйымдастырушыға қолма-қол немесе пошта арқылы мөрленген конвертте мына мекенжай бойынша ұсынылады:

Ақмола облысы, 020000 пошта индексі, Көкшетау қаласы, Темірбеков көшесі, 54, тел.: 8 (7162) 26-94-54 (ішкі 108), Туризм және экологиялық ағарту бөлімі кабинеті, электрондық мекенжайы: kokshepark@mail.ru.

Өтінімнің барлық құжаты нөмірленіп, тігіліп, соңғы парақтың сыртқы беті өтініш берушінің мөрімен және қолымен бекітіліп, мөрленген конвертке салынып ұсынылуға тиіс. Тендерлік өтінімдерді қабылдаудың соңғы мерзімі: **2026 жылғы 22 қыркүйек сағат 18:00-ға дейін.**

Тендерлерді өткізу уақыты:

2026 жылғы 23 қыркүйек сағат 10:00. Зеренді ауданы Ақмола облысы

2026 жылғы 24 қыркүйек сағат 10:00. Айыртау ауданы СҚО

Тендерлерді өткізу орны: Ақмола облысы, 020000, Көкшетау қаласы, Темірбеков көшесі, 54, тел.: 8 (7162) 26-94-54 (ішкі 108).

Өткізу форматы — офлайн.

Республиканское государственное учреждение «Государственный национальный природный парк «Кокшетау», расположенное по адресу: Республика Казахстан, Акмолинская область, г.Кокшетау, ул.Темирбекова, 54, объявляет о проведении тендеров по предоставлению земельных участков под объекты строительства в долгосрочное пользование с целью развития туристской и рекреационной деятельности.

Участки в Айыртауском районе Северо-Казахстанской области, в.т.ч.:

Лот №11 — объект строительства «Эко-отель №4», площадь участка — 10,5 га, местонахождение — лесничество «Қарауылтөбе», квартал 53, выдела 12, 18, 48, 49.

Лот №15 — объект строительства «Эко-отель №5», площадь участка — 14,3 га, местонахождение — лесничество «Қарауылтөбе», квартал 10, выдела 7, 8, 9, 13, 14, 15, 16, 17, 19.

Лот №30 — объект строительства «Эко-отель №4», площадь участка — 0,5 га, местонахождение — лесничество им.Ақан сері, 45, выдела 25, 63, 66.

Лот №34 — объект строительства «Автоматическая телефонная станция №2 для размещения оборудования связи, интернета и дом для обеспечения сервиса», площадь участка — 0,15 га, местонахождение — Шалкарское лесничество, квартал 3, выдела 8, 16.

Лот №35 — объект строительства «Автокараванинг №1», площадь участка — 2,0 га, местонахождение — Шалкарское лесничество, квартал 2, выдела 3, 4, 5, 9.

Лот №48 — объект строительства «Эко-отель №6», площадь участка — 4,25 га, местонахождение — лесничество им.Ақан сері, квартал 45, выдела 22, 23, 52, 63, 66, квартал 46, выдела 2,86.

Лот №50 — объект строительства «Эко-отель №7», площадь участка — 16,0 га, местонахождение — лесничество «Қарауылтөбе», квартал 10, выдела 7, 8, 9, 13, 14, 16, 17.

Лот №53 — объект строительства «Туристский комплекс», площадь участка — 5,0 га, местонахождение — лесничество им.Ақан сері, квартал 45, выдела 27, 36.

Участки в Зерендинском районе Акмолинской области, в.т.ч.:

Лот №18 — объект строительства «Эко-отель №1», площадь участка — 113,3 га, местонахождение — Зерендинское лесничество, квартал 43, выдела 1-24, 26-34, квартал 267, выдела 13, 43.

Лот №33 — объект строительства «Глэмпинг №1», площадь участка — 6,3 га, местонахождение — Зерендинское лесничество, квартал 267, выдела 23, 24, 25, 26, 30, 31, 40.

Лот №49 — объект строительства «Эко-отель №2», площадь участка — 2,7 га, местонахождение — Зерендинское лесничество, квартал 87, выдела 1, 2, 3, 4, 6, 9, 16.

Заявки должны соответствовать пункту 23 Правил осуществления туристской и рекреационной деятельности в государственных национальных природных парках, утвержденных приказом Министра экологии, геологии и природных ресурсов Республики Казахстан от 05.03.2022 года №73.

Тендерные документации по указанном лотам размещены на официальном интернет ресурсе РГУ ГНПП «Кокшетау» gnppkokshetau.kz.

Тендерные заявки представляются организатору тендера нарочно или по почте в запечатанном конверте по адресу: Акмолинская область, почтовый индекс 020000, г. Кокшетау, ул.Темирбекова, 54, тел.: 8(7162) 26-94-54 (внут.108), кабинет отдела туризма и экологического просвещения, электронный адрес: kokshepark@mail.ru.

Все документы заявки должны быть пронумерованы, прошиты, на обратной стороне последнего листа скреплены печатью и подписью заявителя в запечатанном конверте. Окончательный срок приема тендерных заявок: **до 18-00 часов 22.09.2026 года.**

Время проведения тендеров:

10-00 часов 23.09.2026 года — Зерендинский район Акмолинская область

10-00 часов 24.09.2026 года — Айыртауский район СҚО

Место проведения тендеров: Акмолинская область, 020000, г.Кокшетау, ул.Темирбекова, 54, тел.: 8(7162) 26-94-54 (внут.108).

Формат проведения — офлайн.

«Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ (бұдан әрі — Компания) мемлекеттік мүлік тізілімінің веб-порталында 2026 жылғы 29 қыркүйекте сағат 11:00-де (Астана уақыты) басталатын Компанияның «КазИнж Электроникс» ЖШС жарғылық капиталындағы 100% қатысу үлесін (бұдан әрі — Актив) сату бойынша аукцион өткізу туралы хабарлайды (аукцион №463040).

Активтің бастапқы бағасы: 206 204 000 (екі жүз алты миллион екі жүз төрт мың) теңге.

Активті өткізу жөніндегі аукцион шарттарымен және Актив бойынша өзге де қосымша ақпаратпен барлық мүдделі тұлғалар www.e-qazupa.kz веб-порталда немесе +7 (7172) 55-29-81 («АЕО» АҚ) немесе +7 (7172) 72 52 52 (ішкі. 1112, 1957) (Компания) телефондар арқылы таныса алады.

12 ҚЫРКҮЙЕК 2026 | СЕНБІ

Жазғы демалыстан шыққан көрермен үшін жақсы жаңалықтар басталды. Елордадағы театрлар ашылып, жаңа маусымын бастап жатыр. Қалибек Қуанышбаев атындағы Қазақ ұлттық музыкалық драма театры да XXXVI маусымын Мұхтар Әуезовтің «Қарагөз» трагедиясымен ашты. Ұлттық театрдың жаңа маусымды дәл осы шығармамен бастауы кездейсоқ емес. Тағдыр. Махаббат. Дәстүр. Осы ұштағанның арасында арпалысқан Қарагөздің трагедиясы – тек өткен ғасырдың еншісі емес, адамның ішкі еркі мен қоғамның жазылмаған заңдары бетпе-бет келгенде туатын терең адамзаттық драма.

Ғасыр жүгін



Сымбат БАУЫРЖАНҚЫЗЫ

«Қарагөз» — қазақ драматургиясының алтын қорының төрінде тұрған шығарма. Әуезов пьесасының өзегінде бір-бірін сүйген Қарагөз бен Сырымның тағдыры жатыр. Алайда олардың сезіміне тұтас ортаның қалыптасқан тәртібі қарсы тұрады. Қарагөздің тағдыры арқылы драматург жеке адамның бақыты мен қоғам алдындағы міндеттің, жүрек қалауы мен дәстүр талабынан туындайтын қайшылықтың аражігін ашады. Қарагөз бен Сырымның трагедиясы арқылы Әуезов белгілі бір дәуірдің әлеуметтік-психологиялық шындығын көрсетеді. Адамның ішкі еркіндігі мен оны қоршаған ортаның талабы қалыптасқанда, таңдау жасау қаншалық қиын екенін аңғартады.

Қойылымның режиссері, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Гүлсина Мирғалиева жаңа маусымның дәстүрлі «Абаймен» емес, «Қарагөзбен» ашылуына шығарманың ұлттық театр табиғатына жақындығы себеп болғанын айтады. Шынында да, «Қарагөз» — сахнаға қайта-қайта оралуға сұранып тұратын шығармалардың бірі. Өйткені оның көтерген мәселелері белгілі бір тарихи кезеңмен шектелмейді. Ұлттық театрдың жаңа маусымды дәл осы шығар-

Тағдыры қандай ауыр кейіпкер болса да, Қарагөзден өзіме жұбаныш таптым. Актриса ғұмыры қысқа келеді, сол кішкене мезетте осы кейіпкермен байланысқаным, қанжығама уақытылы байланғанына қуанам.

мамен бастауының мәні де осында. Махаббат пен міндет, жеке адамның қалауы мен қоғамдық пікір, ата-ана жауапкершілігі мен ұрпақ тәрбиесі секілді мәселелер бүгінгі қоғам үшін де өзекті. Қойылымның жаңа нұсқасында осы мәңгілік сұрақтарға қазіргі көрерменнің көзімен қарауға ұмтылыс бар.

«Қарагөздің» трагедиясын түсіну үшін шығарманың астарындағы дәстүрлі қазақ қоғамының құрылымына үнілу маңызды. Бұл жерде отбасы, әулет, үлкеннің сөзі, ұрпақ сабақтастығы секілді құндылықтар жеке адамның өмірінен бөлек қаралмайды. Қарагөздің тағдыры — сол қоғамдық тәртіптің адам өміріне әсерін көрсет-



«Қарагөз»

тетін көркем мысал. Әуезов кейіпкерлерін біржақты кінәлі немесе кінәсіз етіп көрсетпейді. Әрқайсысының өз шындығы бар. Бір жағында — жүрекке бағынған Сырым мен Қарагөз, екінші жағында — ғасырлар бойы қалыптасқан салт пен қоғам талабы. Бұл қойылым театр сахнасында бұған дейін де бірнеше рет қойылған.

Шығармаға әр кезеңнің режиссерлері өз дәуірінің көзімен қарады. Сол арқылы пьесаның мазмұны ғана емес, қоғамның өзі де өзгеріп отыратыны байқалады. Жаңа қойылымда да негізгі драматургиялық арқау сақталғанымен, шығармашылық топ оны бүгінгі көрерменнің қабылдауына жақындатуға тырысқан. Кейіпкерлер арасындағы ішкі тартыс, үнсіздік, көзқарас пен қимылдың өзіндік эмоционалды сипаты айтылмаған сөздің де салмағы бар.

Әрбір актер сахнада кейіпкерін сомдағанда ауыртыпалық жүгін сезінеді. Ақмарал Танабаева үшін кейіпкерінің алжасу сәті мен ішкі жалғыздығын сахнада жеткізу ерекше эмоционалды салмақ түсірген. Ол Қарагөз тағдырының ауырлығына қарамастан, осындай күрделі бейнені өз уақытында сахнаға алып шыққанын өнердегі үлкен бағына балап отыр.

— Қарагөз көп актрисаның арманы ғой. Біздің театрда да біраз үлкендеріміз кезінде өз Қарагөздерін сахналаған. Жалпы көп нәрсе адамның ішкі болмысына, физикасына қарай бағытталады.

Мендегі Қарагөздің өзім үшін кілті — қатты махаббатты сезінгісі келгені. Мамасының махаббатынан ерте айырылғаны, сағынышы. Сырыммен кішкентайынан қатар өсіп тіреу тапқаны. Ең танымал шығармалар, олар тату-тәтті өмір сүріп, тыныш қана өз тұрмысын жалғастырды деп аяқталмайды. Әуезов өзі бәрін бізге жазып бере салды ғой. Басқа кейіпкерлердің сөзінде де өз кейіпкерінің болмысын табасың. Сырымды сүю қаншалықты алып сезім болса, соншалықты ұят нәрсе. Сол қыл ортамен жүріп үзіліп кеткен кейіпкер ғой. Тағдыры қандай ауыр кейіпкер болса да, Қарагөзден өзіме жұбаныш таптым. Актриса ғұмыры қысқа келеді, сол кішкене мезетте осы кейіпкермен байланысқаным, қанжығама уақытылы байланғанына қуанам.

Іштей ұзақ дайындалғаным — алжасу сахнасы. Бәрін түсініп тұрасың да, бірақ сол тұнғыққа аттауға тартынасың. Біраз уақыт бұл сахнаны дайындық кезінде аттап кетіп отырдық. Неге адам іштей құлыпталып қалады деген ойды саралай келе, қаншалықты іші жалғызсырап қатты өксік адамды құса қылса, санада жалғыз көмек алжасу болып қала ма деп ойладым. Сырымның дауысын

жоғалтып алғаны, ең маңызды дүниесінен айырылып қалғанын есіне түсіре алмауы, — дейді актриса.

Ақмарал Танабаева жаңа маусымның дәл осы «Қарагөзбен» басталуы үлкен жауапкершілік жүктеп, демалыстан кейін бірден асау ағысқа түскендей әсер қалдырғанын жеткізді. Ол сахнаға шыққанша жүректі дүрсілдеткен толқынысты жеңу әртіс өмірінің ажырамас бөлігі екенін айтып, көрерменмен қайта қауышқанына қуанышты.

Қаллеки театрының жаңа маусымындағы репертуарында классикалық шығармалармен қатар заманауи драматургия мен түрлі жанрдағы қойылымдар бар. Қыр-



күйек айында көрермен Ә.Нұрпейісовтің «Қан мен тер», М.Әуезовтің «Абай», С.Тұрғынбекұлының «Шәмші», Ж.Өлікеннің «Жүрек сыры. Махаббатым сен...», Шекспирдің Romeo & Juliet синема-эпосы, Л.Толстойдың «Анна Каренина. Роман парактары» хо-реодрамасы, Бертольт Брехттің «Шенбері» және Э.Хушвактовтың «Қызыл алма» лирикалық комедиясы сынды тағы бірқатар қойылымды көре алады.

Бүлдіршін көрермендер де назардан тыс қалмайды. Репертуарда «Ертегі түннің әуені», «Құм-қала», «Бала мерген» секілді қойылымдар бар. Яғни жаңа маусымның негізгі бағыты — ұлттық классиканы сақтай отырып, қазіргі драматургия мен әртүрлі сахналық форманы қатар ұсыну. Қазан айында Рача Махатаевтың режиссерлігімен қойылған «Анна Каренина. Роман парактары» хо-реодрамасы «ТеатрALL» халықаралық театр фестиваліне қатысады. Ал Гүлсина Мирғалиеваның режиссерлігімен сахналанған Төлен Әбдіктің «Парасат майданы» спектаклі Қарағандыда өтетін Әшірбек Сығай атындағы «Сын — шын болсын» республикалық фестиваліне шақырту алған.

Ал қараша айы театр үшін ерекше маңызды болмақ. Биыл өнер ордасының құрылғанына 35 жыл толады. Мерейтой аясында театрдың шығармашылық жолын саралайтын және бүгінгі тынысын танытатын бірқатар мәдени іс-шара өткізу жоспарланған.

AMANAT
MEDIA GROUP

AIQYN

Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС

Директор –
Талғат ЕШЕНҰЛЫ

Бас редактор –
Амангелді ҚҰРМЕТ

Гүлзина БЕКТАС –
Бас редактордың
бірінші орынбасары

Мадияр ТӨЛЕУ –
Шығарушы редактор

Елдар ҚАБА –
Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ –
Ақмола облысы
Алтай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ –
Алматы қаласы
Сағхан САТЫЛҒАН –
Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ –
Қарағанды облысы
Назгул НАЗАРБЕК –
Шымкент қаласы
Ербәк ЖАЛҒАСБАЙ –
Қызылорда облысы
Бәні ЖАНҰЗАҚ –
Атырау облысы
Эльмира ЖҮРСІНБЕКҚЫЗЫ –
Абай облысы

«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:

Кәсіпорындар,
мекемелер үшін – 15102
Зейнеткерлер,
соғыс ардагерлері үшін – 55102
Жеке жазылушылар үшін – 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31
reklama.aikyn@gmail.com

ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:
8(771) 804-61-32
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның»
компьютер орталығында беттелді

ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №4782
Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Сілеті көшесі 30,
төлі: 8(7172) 99-77-77
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ» АҚ
Мұқанов көшесі, 223 Б
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС,
Әлімқұлов көшесі 22,
төлі: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,